

5

Оқырманын
ойға жетелеген

6

«Еңлік-Кебек»
немесе
бастауға оралу

Сыр бойы

2 шілде, сейсенбі 2024 жыл

№101 (20775)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

ПРЕЗИДЕНТ: ҚЫТАЙМЕН АРАДАҒЫ ЫНТЫМАҒЫМЫЗ МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ОЗЫҚ ҮЛГІСІНЕ АЙНАЛДЫ



Биылғы 2-4 шілде күндері ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпин Қазақстанға мемлекеттік сапармен келеді. Сондай-ақ Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің 24-отырысына қатысады.

Осы сапар қарсаңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жэньминь Жибао» тілшісіне сұхбат беріп, Қытаймен достық пен тату көршілікті одан әрі нығайту басымдыққа ие екенін айтты. Бұл ұстаным екі ел халқының түпкі мүддесіне толық жауап береді және өмірдегі бейбітшілік пен тұрақтылыққа ықпал етеді.

«ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин пандемиядан кейінгі алғашқы шетелдік сапарын 2022 жылы Қазақстанға жасады. Мен былтырдан бері Қытайға үш рет сапармен бардым. Біздің тұрақты достық байланысымыз мемлекетаралық қарым-қатынастардың үдемелі дамуының берік негізі саналады. Бұл тұрғыда өзара байланысымыз жаңа «алтын 30 жылдық» аясында дами түседі. Менің досым, құрметті Төраға Си Цзиньпинмен кездесулерімізді ерекше жылылықпен еске

аламын. Біз үнемі өзара ашық әрі сенім жағдайында өзекті мәселелерді талқылап, халықаралық күн тәртібі бойынша пікір алмасамыз. Мұндай тұрақты өзара байланыс форматы бір-бірімізді жақсы түсінуге мүмкіндік береді, яғни бұл жағдай халықтар арасындағы достықты нығайту үшін өте маңызды деп айта аламыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай басылымына берген сұхбатында.

Мемлекет басшысы екі ел арасындағы қарым-қатынас деңгейі 2019 жылы мәңгілік жан-жақты стратегиялық серіктестік дәрежесіне көтерілгенін айтты. Қытай – Қазақстанның ең ірі сыртқы сауда-экономикалық серіктесі. 2023 жылдың қорытындысы бойынша екіжақты тауар айналымы 30 пайызға өсіп, 41 млрд долларға жетті. Қазіргі кезде мұнай-газ, химия, металлургия, агро-

өнеркәсіптік, тау-кен және басқа да салаларда оңдаған ірі басым жобаларды сәтті жүзеге асырды.

Екі елдің жаһандық және өмірлік күн тәртібіндегі көптеген мәселе бойынша ұстанымдары ұқсас. Бұл тұрғыда халықаралық ұйымдар мен көпжақты құрылымдар, соның ішінде БҰҰ, ШЫҰ, АӨСПК, «Орталық Азия-Қытай» диалогы аясындағы күш-жігерді үйлестіріп келеміз.

«Қазақстан-Қытай ынтымақтастығын мемлекетаралық қарым-қатынастың озық үлгісі ретінде қарастыруға болады» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«Бір белдеу - Бір жол» бастамасы алғаш рет Қазақстан жерінде жарияланған еді.

«Қазақстан Азия мен Еуропаны байланыстыратын ең қысқа құрлық жолдарының торабында қолайлы географиялық орынға ие. Ежелгі Ұлы Жібек жолының қайта жаңғыруының стратегиялық тереңдігі мен тиімділігін бағалай отырып, Қазақстан бірінші болып осынау өршіл әрі келешегі зор жобаны толықтай қолдады» деді Қазақстан Президенті.

2-бет



Сырдың сырлы шежіресі

Сырға толы сенсің мирас шежіре,
Сыртта оттай басыласың көзіме.
Жатырмай орын бердің,
Жассынбай,
Тұңғыш рет өлеңімнің өзіне.
Бір өзіне сұлу сөзді жиғандай,
Төрт бетіне Сырдың бойы сыйғандай.
Тасқа басқан мақалаңа мәйекті,
Сенетіңіз түгел ұйып имандай.
Қарт Қаратау... айдынды Арал арасын,
Елін... жұртын, егінжайын... даласын,
Сен жырладың, тоқсан бес жыл тоқтамай,
Сыр бойыңның данасы мен баласын.
Төрт бетінде толған мақсат, толған жыр,
Тақырыбың – жауһар Қызылордам бұл.
Ой салады оқырманға әр саның,
Таңғы шықтай жапыраққа конған бір.
Сенен таптым қаламы ұшқыр досты өңшең,
Талай талант тұсауын да кескен сен.
Алуан-алуан жаңалықты жеткіздің,
«Алтын күрек» сияқтанып ескен сен.
Тоқсан бес жыл толғанып сен келесің,
Талай уақыт тастап артқа белесін.
Мүлде жақын, күн де жақын өзіңе,
Бір ғасырдың көретұғын төбесің.
Тоқсан бес жыл том-том тарих сен асқан,
Әр бетінде мағына бар мен ашқан.
Қай қоғамның тұсында да кірпішін,
Сенің сөзің жігер беріп қаласқан.
Аптап... аяз... соқсын мейлі, борасын,
Сырдың тынбай тіршілігін шоласын.
Осы аймақтың жаңалығын өрнектеп,
Құт қонақтай әр үйге сен соғасың.
Ақпараттық бәйгеде алда боласың,
Оқырманмен доссың, жолдас-жорасың.
Қолтығыңда сен жүресің қойшының,
Қара қоста диканменен қонасын.
Сенсің күллі Сырдың сырлы айнасы,
Жаңа Қазақ елімен бір жайнасы.
Тоқсан түгіл жүзден әрі асқанда,
Әр сөзіңнің тисін жұртқа пайдасы.
Тоқсан бес жыл өтсін мейлі арада ол,
Алдыменен қолға сені алады ел.
Байтақ Сырдың баяндаған болмысын,
Басылымым, мазмұнды сен бола бер!

Толыбай АБЫЛАЕВ

Ұлылардың ұясы — ҰЛЫТАУ

Ұлтымыздың бірлігі мен елдігін, ұланғайыр жерін сақтауда, қазақ халқы үшін ұлы жорықтар алдында өрісті істер мен баянды бастамалардың негізін қалауда Ұлытау төрінде хандар мен бектер, билер мен даналар бас қосып, ұлы жиындар өткізген. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тікелей қолдауымен және облыстық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен Ұлытау өңіріндегі киелі де қасиетті жерлерді көруге облыстың 55 ардагері жолға шықты. Ұлытау сапарын облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев бастап барды.



Сондай-ақ сапарластар сапында облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бөлім басшысы Смет Сейдахметов, көпбейінді облыстық аурухананың қабылдау бөлімінің мейіргері Лаура Донбаева, облыстық өнер

орталығының қызметкері, республикаға белгілі жыршы Әділхан Қуаңбаев және менеджер-ұйымдастырушы Ғалымжан Камалов ардагерлерге өз қызметтерін мүлтіксіз көрсетті.

3-бет

ЕГІН-2024

ЕНДІГІ ЕҢБЕК — ЕГІН КҮТІМІ

Жергілікті диқандар егін егу науқанын толық аяқтап, бүгінде оны күтіп-баптауға кірісіп кетті. Көктем мезгілінде көпшіліктің көңілін «Биыл судың жағдайы қалай болады?» деген сауал күпті еткені рас. Қазақстан Үкіметі мен облыс басшылығының қолдауымен бұл мәселе оңтайлы шешілді. Сыр өңіріне егілген дақылды тұрақты суаруға 3,7 млрд текше метр су лимиті белгіленді. Бұл – өткен жылдармен салыстырғанда көңіл демдейтін көрсеткіш.

«Арал-Сырлария» бассейндік инспекциясының басшысы Қайратбек Сәрсенбаевтың айтуынша, биыл вегетациялық кезең басында «Шардара» су қоймасы мен «Көксарай» су реттегішінде жинақталған су көлемі өткен жылдан 0,6 млрд текше метрге кем болған. Сондықтан судың лимиті 3,7 млрд текше метр көлемінде белгіленген еді.

Айта кетсек, 11-12 сәуір күндері Шымкент қаласында мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясының кезекті

отырысында «Шардара» су қоймасынан вегетация кезеңінде 3,6 млрд текше метр су түсетіні болжанды. Қазір онда 3,8 млрд текше метр су бар. Одан төменгі бөлікке секундына 650 текше метр су түседі. Ол былтыр 247,4 текше метрді құраған еді. Оған Арыс өзенінен 6 текше метр су қосылуда. Облыс шекарасына секундына 660 текше метрге жуық (2023 жылы – 500 текше метр) су келуде.

Белгіленген су пайдалану лимитіне сәйкес, облыстық ауыл шаруашылығы және

жер қатынастары басқармасы есебі негізінде 187,5 мың гектар жерге егін егу жоспарланған болатын. Оның ішінде күршіп дақылға 81-82 мың гектарға межеленді. Нақтыланған индикативтік жоспар мен белгіленген лимитке сәйкес су пайдаланушылармен келісім-шартқа қол қоюға назар аударылды. Қазір су пайдаланудың күнтізбелік жоспары әзірленіп, кестеге сәйкес жұмыс жасауда, – деді инспекция басшысы.

Сала мамандары «Шардарадағы» су көлемінің ұлғаюын мемлекет тарапынан жасалып жатқан жұмыстардың оң нәтижесі деп бағалайды. Өткен жылдың 3 қыркүйегінде ҚР Президентінің Жарлығымен елімізде Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылды.

2-бет

Валюта бағамы \$ 475,18 kzt

€ 510,72 kzt

₸ 5,47 kzt

Ауа райы ☀️ +29° +31°

☀️ +32° +34°

ПРЕЗИДЕНТ: ҚЫТАЙМЕН АРАДАҒЫ ЫНТЫМАҒЫМЫЗ МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ОЗЫҚ ҮЛГІСІНЕ АЙНАЛДЫ

Мемлекет басшысының айтуынша, «Бір белдеу – Бір жол» бастамасы аясында Ляньоньган портындағы қазақ-қытай логистикалық терминалы, «Қорғас – Шығыс қақпасы» құрғақ порты, Каспий теңізінің жағалауындағы Ақтау портындағы жаңа инфрақұрылым, сондай-ақ «Қазақстан-Түрікменстан-Иран» теміржол дәлізі, «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық транзиттік автомобиль дәлізі, Сиань логистикалық терминалы сияқты ірі инфрақұрылымдық жобалар пайдалануға берілді. Жалпы, Қазақстанның өңірлік логистикалық хаб ретіндегі стратегиялық позициясы ерекшеленді.

Қасым-Жомарт Тоқаев дипломатиялық қарым-қатынас орнағаннан бері екі ел білім, мәдениет, туризм, ғылым және технология сияқты салалардағы өзара іс-қимылға ерекше назар аударып келе жатқанын атап өтті.

«Биылғы ақпан айында Шығыс Қазақстан облысындағы Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің базасында құрылған бірінші «Лу Бань шеберханасына» бардым. Осы орайда, Қазақстанның автомобиль өнеркәсібі үшін жоғары білікті техникалық және инженерлік кадрларды дайындайтын заманауи зертханаларды көріп, жақсы әсер алдым. Елімізде осындай зертханалардың географиясын кеңейтуге мүдделіміз», – деді Президент.

Осы жылдың наурыз айында Бейжіңде «Қазақстанның Қытайдағы туризм жылының» салтанатты ашылуының ауқымды іс-шарасы өтті, бұл өз кезегінде туристік ынтымақтастықты дамытудағы маңызды қадам болуы тиіс.

«Қазақстанның туризм жылы аясында ҚХР қалалары мен провинцияларында Қытай азаматтарын қазақтың бай мәдениетімен, салт-дәстүрімізбен және өнер саласындағы жетістіктермен таныстыратын көптеген іс-шара өтеді», – деді Мемлекет басшысы.

Екіжақты қарым-қатынасқа Қазақстан мен Қытайдың мәдени орталықтарының

өзара ашылуы қосымша серпін бермек. Бұл орталықтар екі ел халқының арасындағы достықтың берік көпіріне айналады.

Атап айтқанда, 2023 жылдың мамыр айында Сиань қаласында бірінші «Орталық Азия - Қытай» саммиті өтіп, оған мемлекет басшылары қатысты. Бұл ретте Президент кейінгі жылдары Орталық Азия елдері мен ҚХР арасындағы экономикалық байланыстар мен сауда қарқынды дамып келе жатқанын айтты. Былтырдың өзінде Қытайдың Орталық Азия елдерімен тауар айналымы 90 млрд долларға жуықтады.

«Саммит барысында мемлекет басшылары осы алаң аясындағы практикалық өзара іс-қимылды одан әрі дамыту және тереңдету бойынша сындарлы ұсыныстарын ортаға салды. Осы форматтағы ынтымақтастықтың қуатты әлеуеті Орталық Азия елдері мен Қытай арасындағы сауда-экономикалық әрі мәдени-гуманитарлық өзара іс-қимыл үшін жаңа мүмкіндіктер ашатынына сенімдімін», – деді Тоқаев.

Осы жылдар ішінде Шанхай ынтымақтастық ұйымы «Шанхай рухы» аясында дамып, халықаралық ықпалы арта түсті. Биыл Қазақстан ШЫҰ-дағы кезекті төрағалығын атқарып жатыр.

«Мен ШЫҰ құрылуының күзесі болдым, яғни келіссөздер мен алғашқы құжаттардың әзірленуі жұмысына қатыстым. Ұйымның 20 жылдан астам дамуынан кейін көптеген ел «ШЫҰ отбасына» қосылды. Биылғы Астана саммиті барысында ШЫҰ өзінің оншыны мүше мемлекетін қарсы алады», – деді ҚР Президенті.

ШЫҰ-ның дамуы аймақтағы және әлемдегі тұрақтылық пен өркендеуді ілгерілетуге оң әсер етеді. Ұйымның негізін қалаушы әрі көпжақты диалогті дамытудың белсенді қолдаушысы ретінде Қазақстан ШЫҰ-ны өзінің сыртқы саясатындағы тұрақты басымдық ретінде қарастырады.

Мемлекет басшысы ШЫҰ-ға кезекті төрағалық кезінде күш-жігер қауіпсіздік мәселесін шешудің ортақ тәсілдерін әзірлеуге, сауда-экономикалық ынтымақ-

тастықты арттыруға, қоршаған ортаны қорғауға және халықтар достығы байланыстарын нығайтуға бағытталатынын сөз етті. ШЫҰ жалпы әлемдік процестерден шет қалмауы керек. Сондықтан Қазақстан «Әділетті әлем мен келісімді жақтайтын дүниежүзілік бірлік туралы» ШЫҰ бастамасын ұсынды. Бұл бастама жоғары бағаланып, барлық мүше мемлекеттің қолдауына ие болды.

«Біз халықаралық қоғамдастықты адал әрі ашық жаһандық диалогті нығайтуға, инновациялық қауіпсіздік үлгілерін енгізуге, әділ экономикалық орта құруға және экологиялық ортаны қорғауға аянбай еңбек етуге шақырамыз. Саммит нәтижесі өзара сенім, теңдік, тату көршілік, өзара қолдау, мәдениеттерге өзара құрмет, бірлесіп дамуға ұмтылу сияқты «Шанхай рухының» іргелі қағидаларын қамтиды деп санаймыз», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин тағдыры ортақ адамзат қоғамдастығын құру тұжырымдамасын және үш негізгі жаһандық бастаманы ұсынғанын айтты. Бұл маңызды тұжырымдама мен бастамалар Біріккен Ұлттар Ұйымының халықаралық істердегі негізгі ұстанымын қолдайды және мемлекеттерді бірлесіп жұмыс істеуге, ортақ мақсаттарға жету әрі адамзат қоғамына пайда әкелуге шақырады.

«Сонымен қатар, бұл бастамалар ШЫҰ-ның басым даму бағытына сәйкес келеді, ашықтық пен инклюзивтілік, көпжақты ынтымақтастық және әр елдің ұлттық жағдайларын құрметтеу қағидаларын қамтиды», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің мемлекеттік сапарын және ШЫҰ-ның Астана саммитін асыға күтіп отырғанын айтты. Оның пікірінше, ШЫҰ-ның даму перспективасы ауқымды. Қазақстан мен Қытай арасындағы көп сағылы ынтымақтастықты нығайту ШЫҰ-ның дамуы мен өсуіне елеулі үлес қосады.



«ОАЗИС» ЖАҢАРТЫЛДЫ

Бүгінде Ы.Жақаев көшесінің Әйтеке би көшесінен Қорқыт ата көшесіне дейінгі аралығына «Техоснастка-ремсервис» ЖШС мекемесі құрылыс жұмыстарын жүргізуде.

Осы жоба аясында қала тұрғындары арасында «Оазис» аталып кеткен субұрпақ жанартылып, оның аумағына брусчаткалар, жолжик тастар орнатылады. Көгал егіліп, жарық диодты шамдар қойылды.

КІТАПХАНАНЫҢ КРЕАТИВТІ ЖҰМЫСЫ

Қамбаш ауылдық кітапханасында «Ауылдық кітапхана – әлеуметтік-мәдени орталық» тақырыбында аудандық семинар өтті.

Шараға «Қамыстыбас» ауылдық округінің әкімі Азат Балмырзаева, жетекшісі маман Жантуған Айтжанов және Ауыл азаматы Нұржау Ділмәғанбетов қатысты.

Семинардың басты мақсаты – мамандардың кәсіби шеберлігін шыңдау, ауылдық кітапханалардың әлеуметтік-мәдени дағдыларын арттыру.

Қамбаш, Сапақ, Қосжар, Аманөткел, Ақбай, Шөміш, Қызылжар, Құмбазар, Бөген кітапханалары креативті жұмыстарын таныстырды. Аталған мекеменің ауыл өмірінде алатын айрықша ролін ашық көрсете білген кітапханашылар түрлі бағыттағы жобалары мен үйірме жұмыстарын ортаға салды.

ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ

Өр сенбі сайын «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында ауданда тазалық жұмыстары қарқынды жүргізіліп келеді.

Акцияға тұрғындар мен барлық мекеме, кәсіпорын қызметкерлері қатысып, орталық көшелердегі қоқысты тазартып, шопті шауып, туған жердің тазалығына атсалысты. Тазалық жұмыстары Әйтеке би кенті мен барлық ауылдық округтер бойынша орталық көшелерде, адам көп шоғырланатын орындарда өткізіліп, шабылған шөп пен қоқыс арнайы орындарға шығарылды. Жұмыстың нәтижесін аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет көріп, жауаптыларға бірқатар тапсырма жүктелді.

КОНДИТЕРЛІК ЦЕХ АШТЫ

«Жаңа жол» ауылдық округінде жеке кәсіпкер Ғалымжан Шакибеков «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында «Байқоңыр» ӘКҚ АҚ-нан 7 млн теңге несие алып, кондитерлік өнімдер шығаратын цех ашты. Онда тәтті тоқаш, бөліш, торт пісіреді.

Несие қаражатына цехқа қажетті құрал-жабдықтар сатып алды. Қазіргі таңда кондитер цехы тұрғындарға сапалы және тиімді бағада қызмет көрсетуде.

СҰЙЫТЫЛҒАН ГАЗ ЖЕТКІЛІКТІ

Әлеуметтік маңызы бар сұйытылған газ тапшылығының алдын алу мақсатында аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов газ құю бекеттерін аралап көрді.

Ауданда сұйытылған мұнай газы бойынша 5 оператор, 6 газ құю бекеті жұмыс жасайды. Сұйымдылығы – 55,5 тонна. Қазіргі таңда сұйытылған мұнай газы жеткілікті мөлшерде сатылуда. Бөлшек сауда бағасы 64 теңге.

ЖАУЫНҒЕР ЖУРНАЛИСТ ЕҢБЕГІ ДӘРІПТЕЛДІ

Аудан әкімі Берік Сәрменбаев Ұлы Отан соғысының ардагері, қоғам қайраткері, ақын, әлеуметтік қамсыздандыру ісін үздігі Бәкір Өтеповтің 100 жылдығына орай өткізілген ғылыми конференцияға қатысты. Онда көрнекті қоғам қайраткерінің өмір жолы мен қызметіне тоқталды.

– Ардақты ағамыз Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі мен соғыстан кейінгі жылдары ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін «Отан соғысы», «Құрмет белгісі» ордендерімен, «Ерлігі үшін» және басқа да 15-тен астам медальмен марапатталды. Бүгінде аудан орталығында бір көше Бәкір Өтеповтің есімімен аталады. Парасаттылығымен танылып, бар білімін, күш-жігерін елге жұмсаған Бәкір Өтеповтің есімі ұмытылмайды, – деді аудан әкімі. Ғылыми конференцияда жауынгер журналистің отты жылдардағы ерлігі, өңір дамуына қосқан қызметі, отбасындағы өнегесі дәріптелді.

РЕЙД ТОҚТАМАЙДЫ

Аудан әкімдігі жанынан құрылған жедел топ балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін су айдындарын, бассейндерді, ойын аттракциондарын, компьютер клубтарын аралап, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Топ құрамында полиция, төтенше жағдай, кәсіпкерлік, қоғамдық даму бөлімінің өкілдері бар. Кейінгі күндері суда қауіпсіздік ережелерін сақтамай, белгіленбеген жерлерде шомылу салдары су айдындарында қайғылы жағдайлардың орын алуына әкелуде. Мамандар бассейн әкімшілігіне және оның жанындағы тамақтану орындарына санитарлық талаптарды сақтауды ескертті. Рейд күнделікті жүргізілетін болады.

«ДОМБЫРА-ПАТИ» ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Ұлттық домбыра күніне орай аудандық кітапхананың оқырмандарға қызмет көрсету бөлімі «Домбыра дастан – домбыра күй» атты іс-шара ұйымдастырды.

Оған Жастар ресурстық орталығы жастары, Әлшекей атындағы өнер мектебінің ұстазы С.Отарбаев, музыкант А.Қалдыбаеваның жетекшілігімен «Bala-ART» өнер орталығының оқушылары, кітапхананың тұрақты оқырмандары қатысты.

Дайындаған
Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

ЕНДІГІ ЕҢБЕК – ЕГІН КҮТІМІ

– Дарияның төменгі бөлігінде орналасқан еліміздің Түркістан және Қызылорда облыстары кейінгі төрт жылда су тапшылығын сезініп жүрген болатын. Тиісті министрлік Сырдария өзенінің вегетациялық кезеңіндегі су тапшылығының алдын алу мақсатында көршілес мемлекеттермен келіссөздер жүргізді. Қазіргі уақытта су пайдаланушылар тарапынан күршітгі осы фазасына сәйкес бастапқы суға бастырылған алқаптардың суын тартып, тынайтықш себуге. Су пайдаланушылардың сұранысын қамтамасыз ету мақсатында біздің филиал облыс және аудан әкімдіктерімен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жүргізуде. Сондай-ақ филиалдың аудандық өндірістік бөлімшесінің барлық мамандары күнделікті егін алқаптарына су жеткізіп беру бағытында жұмыс жасауда, – дейді «Қазсуар» РМК облыстық филиалының директоры Роллан Ахметов.

Су лимитіне сәйкес нақты кезеңде облыста ауыл шаруашылығы дақылдары 190,5 мың гектарға егілді. Оның ішінде күріш көлемі 82,4 мың гектар. Өткен жылдармен салыстырғанда күріш 7,8 мың

гектарға азайтылған. Азайтылған егін көлемінің орнына әртараптандыру бағытында суды аз қажет ететін дақылдар етуге мән берілуде. Олардың қатарында майлы және көкөніс-бақша, картоп дақылдары бар. Атап айтқанда, дән жүгері 1,7, сүрлем жүгері 793, мақсары 4,7, картоп 4,1, көкөніс 6,6, бақша 9,2 гектарға, ал асқабақ 308, тары 535, сұлы 5, күнбағыс 156, қант құмайы 290, соя 135, жаздық арпа 382, жаздық бидай 5,7, күздік бидай 3,6 мың гектарға егілді. Сонымен қатар, 21,8 мың гектар жана жоңышқа, 48,3 мың гектар ескі жоңышқа бар. Өткен жылдың күз айларында 3,7 мың гектар күздік бидай егіліп, 50,6 мың гектар сүлгігер айдалды.

Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының мәліметіне сүйенсек, тұқым мәселесі толықтай шешілген. Сондай-ақ көктемгі егін етуге қажетті минералдық тыңайтықш толығымен қамтамасыз етілген. Қолдағы барлық 3799 ауыл шаруашылығы техникасы жөндеуден өткізілді. Оған қоса биыл көктемгі егін егу мен дала жұмыстарына 13,7 мың тонна арзандатылған дизель отыны белгіленген. Оны өңірге бөлінген 4 оператор қамтамасыз етеді. Қаралған

қаржы толығымен төленді.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, көктемгі дала жұмыстарын қосымша қаржыландыру жүзеге асуда. Осы мақсатта жергілікті бюджеттен 2,2 млрд теңге бөлінді. Қаржы ауыл шаруашылығы құрылымдарын несиелендіру мақсатына жұмсалады. Ол пайыздық мөлшерлемені және қарыздарын кепілдендіру шенберінде субсидиялауға арналған, – деп атап өтті басқарма мамандары.

Алда егіншілерді маңызды кезең күтіп тұр. Қолдағы суды ысырапсыз және үнемді пайдалану мәселесі кезек күттірмейді. Сала мамандары тарапынан бұл бағытта нақты жұмыстар жүзеге асып келеді. Үкімет резерві есебінен берілген насос қондырғысын су жетіспеушілігіне қарай белгіленген орындарға құру ескерілді. Су тапшылығына қатысты ескертпеге қарамастан, кейбір шаруашылықтар канал сағасынан қашық немесе биік алқапқа егін еккен жағдайлар бар. Олар өз қаражаты есебінен насос қондырғысын орнатуы тиіс.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

“НҰРА ТОПТЫҚ СУ ҚҰБЫРЫ” РМК “АРАЛ” СЖКБД ФИЛИАЛЫ БОЙЫНША ТОПТЫҚ СУ ҚҰБЫРЛАРЫНА ЖӘНЕ ОҚШАУ СУ ЖҮЙЕЛЕРІНЕ ҚОСЫЛҒАН АУДАН ОРТАЛЫҚТАРЫ МЕН ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ АУЫЗСУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚЫЗМЕТІ БОЙЫНША 2024 ЖЫЛДЫҢ 1 ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫНА СӘЙКЕС ТҰТЫНУШЫЛАР АЛДЫНДА ЕСЕП БЕРУ КЕСТЕСІ

№	Өндірістік бөлімшенің атауы	Өтетін мерзімі	Өтетін орны
1	Арал-Сарыбулақ топтық су құбыры өндірістік бөлімшесі	22 шілде күні сағат 11.00-де	Арал қаласы, Бактыбай батыр көшесі №56, қалалық мәдениет үйі
2	Арал-Сарыбулақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесі	22 шілде күні сағат 16.00-де	Әйтеке би кенті, Ж.Аймауытов көшесі №68, жеңіс парк, кенттік мәдениет үйі
	Қазалы ауданы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі		
3	Октябрь топтық су құбыры өндірістік бөлімшесі	23 шілде күні сағат 11.00-де	Жосалы кенті, Амангелді көшесі №38, Жыраулар үйі
	Қармақшы ауданы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі		
4	Қармақшы ауданы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы Төретам өндірістік бөлімшесі	23 шілде күні сағат 15.00-де	Төретам кенті, Ф.Мұратбаев көшесі №16 (Төретам кенттік клубы)
5	Жалағаш ауданы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі	24 шілде күні сағат 11.00-де	Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі 7, Руханият орталығының мәжіліс залы
6	Сырдария ауданы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі	24 шілде күні сағат 15.00-де	Сырдария ауданы, Теренөзек кенті, Д.Қонаев көшесі №8 Мәдениет үйі.
7	Жиделі топтық су құбырын пайдаланушы Жаңақорған өндірістік бөлімшесі	25 шілде күні сағат 11.00-де	Жанақорған ауданы, А.Иманов көшесі №112* («Ордакент» ардагерлер және жастар ресурстық орталығы)
	Жаңақорған ауданы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі		
8	Жиделі топтық су құбыры өндірістік бөлімшесі	25 шілде күні сағат 15.00-де	Шнелі ауданы, А.Байтұрсынов көшесі №13
	Шнелі ауданы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі		
9	Қызылорда қаласы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі	26 шілде күні сағат 10.00-де	Қызылорда қаласы, Тасбоғет кенті, Абай Құнанбаев көшесі №1Н ғимараты

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Бейнеу-Шымкент Газ Құбыры» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 73-бабы 1-тармағына және қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес 2024 жылдың 9 шілдеден бастап 20 жұмыс күні ішінде орман қорының жерлеріндегі «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының жер үсті объектілерін орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін жалпы алаңы 51,3574 га, «Қазалы орман және жануарлар дүниесін қорғау ММ» КММ- 8,4500 га,

«Қармақшы орман және жануарлар дүниесін қорғау ММ» КММ-15,1128 га, «Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау ММ» КММ- 13,8381 га, «Қызылорда орман және жануарлар дүниесін қорғау ММ» КММ- 13,9137 га, «Шнелі орман және жануарлар дүниесін қорғау ММ» КММ-0,0428 га магистральдық газ құбыржолдарды салу бойынша жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында сайтында (Ecoportal.kz) танысуға болады.

Барлық ескертүүлەر және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында қабылданады.

Тапсырыс беруші: «Бейнеу-Шымкент Газ Құбыры» ЖШС, БСН 110140008803, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Абылай хан даңғылы, № 53

ҚЫЗЫЛОРДА

АРАЛ

ҚАЗАЛЫ

ҚАРМАҚШЫ

ЖАЛАҒАШ

СЫРДАРΙΑ

ШНЕЛІ

ЖАНАҚОРҒАН



Маусымның ми айналдырар аптабына қарамастан, жолға шыққан ардагерлердің бәрі де шат-шадыман, көңіл-күйі жоғары. Жол ұзақтығын ескерсек, әрине, ардагерлерді шаршатағыны белгілі. Елден алыстаған сайын тарих қойнауына сөз оздырып, сыр шертісіп, әрі-беріден қаузып түсті.

Еңбек ардагерлерінің бәрінен де тарихтан хабардар екені байқалады. Қызу әңгіме шегіне жетіп бәсеңсі түскен сәтте, ортамыздағы жыры жігіт Әділхан ініміз қоныр домбырасын қолына алып, төкпелете жөнелді. Жан-жақтан «ой, пәлі!» деген қошеметті дауыстар оған шабыт бере түскендей төске өрлей шауып, тыңдаушылар жанын жадыратты. Жолүсті 3 сағаттан аса уақыт жырлаған оған ардагерлер қауымы риза болысты. Дауысы ашық, жүзі жарқын жігітке алғыстарын жеткізіп жатты. Ол да рухты жырын ағайыннан аймай, тыңдаушысын шабыттандыра, шалқыта жырлауда. Арқалана түскен жыры жігітіміз ел ағаларына ән арнап, жыр төккенде ардагерлер шаршағанын ұмытқандай. Үлкендеріміз жыры жігітке ақ бата беріп, «бәрекелді, көп жаса!» деген алғыс жаудырды. «Көп пейілі – көл» деген осы болар.

Жыр арнасынан тасып тәгіліп, шалқып барып тоқтаған шақта, бір сәт ортамыздағы мейіргер Лаура өз қызметін жалғастырып, ардагерлердің хал-жағдайларын біліп, қан қысымын өлшеп, көмек керек жандарға дәрі-дәрмекті беріп, өз қызметін көрсетуде.

Ардагерлер арасынан Келдібай Бектұрғанов ағамыз көңілді әңгіме бастап, әрі қарай көпшілікті қырантопан күлкіге қарқ етті. Бұл әңгіме ілешала көпшілік арасында жалғасын тауып, жұрттың көңілі бір көтеріліп қалды. Осылайша Ұлытау шекарасына қалай жеткенімізді де байқамай қалдық. Қиреберісте орналасқан қонақүй жанындағы асхана қызметкерлері бізді зор қошеметпен қарсы алды. Осы жерде түстеніп, бой жазып алдық. Осыдан соң көлікке қайта отырып, Ұлытау орталығы – Жезказғанға жол тарттық.

Әлденіп алған ардагер ағаларымыз Әділхандай төкпе жыршыдан жыр айтуын сұрады. «Қалағандарың жыр болса, айтпай неге қылайын...» дегендей Әділхан да домбырасын шалқыта қағып-қағып жырды бастап жіберді. Жұрт ұйып, беріле тыңдауда. Тыңдаушының пейілі де, зейіні де ауған. Әр жырдың аяғында қол шапалағы дуылдай соғылады. Бұл ұлттық өнерге, жырға деген, жыршыға деген шынайы құрмет еді. Осылай көңілді отырған бойы Ұлытау облысы шетіндегі «Талап» ауылына табан тіредік. Сәлден соң облыс орталығы Жезказған қаласы зауыттарының мұр-жаларынан будақтаған түтін алыстан мұнартып көріне бастады.

Қала шетіне ене бергенде, облыс әкімдігінің азаматтары қонақжайлығын білдіріп, ыстық ықыласпен, құшақ жая қарсы алды. Осы жерде біраз аялдап, аман-саулық сұрасып, ел жайын біліп болған соң ала жыл-жыдық. Бұрыннан қойымыз қоралас жатқан ағайын болғасын, жүздесу жылы да жарқын басталды.

Облыс әкімдігі қызметкерлері бізді қала ортасындағы еңесі биік бір мейрамхана кешеніне бастап әкелді. Осы жерде аялдаған Сыр бойы ардагерлеріне арнайы қонақасы берілді. Дастарқан басында Ұлытау облыстық мәдениет басқармасының

өнерпаздары Арқаның әндерін, айтыскер акын Шынболат Ділдібеков атындағы өнер мектебінің түлектері Шынболаттың мақамымен бірнеше терме тарту етті. Арқаның әндеріне жанымыз сусап қалды.

Қолы қалт еткен тұста, облыс әкімі Берік Әбдіғалиұлы ардагерлерге арнайы келіп сәлемдесті.

– Тұрпаты ерек Тұранның төрінен, Сырдың елінен келген аса қадірлі де, құрметті ардагерлер, біздің Жезді өлкеге, ұлылығын ұлт санасына сіңірген Ұлытау жеріне хош келдіңіздер дейміз! Менің сыйлас әріптесім, Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қолдауымен ұйымдастырылған сапарларыңыз сәтті болсын. Қолымыздан келгенше барлық жағдайды жасаймыз. Бүгінгі берілген қонақасы өздеріңізге арналған. Сіздердің баталарыңыз біздің аймақтың дамуына, өсуіне, өркендеуіне оң әсерін тигізеді деп ойлаймыз. Өйткені өлкелеріңізде ірі-ірі жобалар жүзеге асырылуда. Қызылорда облысының экономикалық-әлеуметтік ақуалы қарқынды өсуде. Барлық сала бойынша дамуы артып, құрылыстың кең қанат жаюы, инвестиция тарту көлемінің артуы республика бойынша алдыңғы қатарда тұрғанын жақсы білеміз. Бұл өзінше жұмыстың басында облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының тұрғаны қуанышты. Оның іскерлігінің, біліктілігінің арқасында жүзеге асырылуда.

Біз Сыр елімен ынтымақтастығымызды орната отырып, бірге жұмыс жасауға дайынбыз. Арамыздағы бірлік пен туыстығымыз ежелден қалыптасқан елміз. Кезінде Сыр елі малшыларымен Сарысу төсейінде бауырлық қосылып, қойымыз көктеуге қосыла өріп, төрт түлігіміз бірге жайылғаны шындық. Сіздер мен біз осы сыйластығымызды үзбей жалғай береміз деп ойлаймын.

Құрметті Серік Әбішұлы, сіз басқарып отырған облыстық ардагерлер кеңесінің жұмысы жанадан құрылып жатқан біздің Ұлытау облысы ардагерлер кеңесіне өзінің бағыт-бағдарын, ақыл-кеңесін беріп отырады деп сенеміз.

Жанадан құрылған Ұлытау облысының орталығы саналатын – Жезказған қаласы 1954 жылдың желтоқсан айында құрылған. Биыл қаламызға 70 жыл толмақ. Келе жатып өздеріңіз көрген шығарсыздар, қала ірі өнеркәсіптік аймаққа жататынын білесіздер. Облыс орталығына іргелес Қ.Сәтбаев қаласы орналасқан. Бұл қала 1990 жылы құрылған. Онда да тау-кен өндіру және тау-кен металлургия, соның ішінде түсті металлургия саласы кең дамыған. Ертен ол қалаға кірмесеніздер де, үстінен өтесіздер. Сондықтан оны да таныстырып қойып жатырмын.

Біздің Ұлытау тау сілемдерінен, үстірттерден, қыраттардан, биік шоқылардан тұрады. Ертен тарихи орындарды аралағанда Қазақ хандарының басын қосқан «Хан ордасы» мен Ұлытаудың шығыс бетіндегі Әмір Темір тасқа қашап жатып ұрпаққа қалдырған «Алтыншоқы» көретін боласыздар. Ұлытау – қазақ деген ұлы халықтың хандарының басын қосқан киелі жер. Осы жерде келелі мәселелер айтылып, шешімін де, кесімін де тапқан. Тұмар ханымының ұлы жорыққа осы киелі Ұлытаудан аттанғаны да айтылып жүр. Жерінің тарихы терең, қойнауы байлыққа кенен Ұлытауға табы да қош келдіңіздер, – деді Берік Әбдіғалиұлы.

Осыдан соң сөз алған делегация басшысы Серік Әбішұлы арнайы сәлем беріп, жылы кездесу жасаған Ұлытау облысының әкіміне облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың сәлемін жеткізіп, Сыр елінің атынан ризашылығын білдіріп, атқарылып жатқан жұмыстардан хабардар етті.

– Құрметті Берік Әбдіғалиұлы, Сыр бойының бір топ ардагерлері Қызылорда облысының әкімі, өзінің әріптесіңіз Нұрлыбек Машбекұлының қолдауымен бүгін ұлттың ұясы атанған Ұлытау өңіріне, оның тарихи жерлерін көруге келіп қалдық. Сіз қазақи үрдіспен алдымыздан ел азаматтарын жіберіп, күтіп алдыңыз. Ол үшін алғысымыз шексіз.

Сыр өңірінде атқарылып жатқан жұмыстар туралы сырттай таныс екеніңізді естіп, қуанып қалдық. Кейінгі екі жылда өңір барлық жағынан да жылдамдықпен өркендеп-өсіп, даму үстінде. Жаңа өзіңіз айтқандай, облыс әкімі Н. Нәлібаевтың еңбекқорлығының нәтижесінде осындай іргелі жұмыстар атқарылуда. Аймағымызда әлеуметтік-экономикалық даму көші ілгері. Өнеркәсіп өнімінің көлемі өсті. Өңдеу өнеркәсібінің аяқалысы жаман емес. Биыл облыста құрылыс жұмыстары көлемінің қарқынды өте жоғары. Тұрғын үйлерді пайдалануға беру жағы көңіл қуантады. Жыл басынан бері облысқа мол инвестиция тартылды.

Тасы мен топырағына дейін қасиетті, қилы-қилы заманаларды басынан өткерген Ұлытау өңірі әрбір қазақ баласы үшін тарихи тереңде жатқан, шежіреге толы жер деп білеміз. Осындай Ұлы даланы мекендеген ұлы бабаларымыз мыңдаған жыл бұрын қазақ халқының үрдіс-дәстүрін қалыптастыра отырып, аттың жалында, түйенің қомында өмір сүріп жүрсе де, елдігімізді сақтай білген, атамекемізді қорғай білген жауынгер әрі батыр да батыл халық екенімізді бүгінгі ұрпақтың санасына жеткізе, құя білуіміз керек. Небір зар заманды басынан өткерген бабаларымыз бүгінгі азаматтық, тәуелсіздікті, егемендікті аңсап өткені шындық.

Жошы ұлысы, Алтын Орда, Дешті Қыпшақ мемлекеті мен Қазақ хандығы шаңырағын көтерген ежелгі Ұлытау өңірінің бай шежіресі мен тарихи арбауы бізге тереңде тарта түсері анық. Біз бүгін бабалар жүрген жол мен олардың ел үшін басқыншыларға қарсы шыққан майдан алаңқайларын көріп, ой-өрісті ұзартуға келдік. Бұл жерлерді бұрыннан білесек те, арнайылап келудің орны бөлек.

Ата-бабаларымыз мұра етіп қалдырған Ұлы даланың әрбір бөлшегі алтыннан да қымбат екені шындық. Өйткені біз осы Ұлы даламен бірге жаралдық. Пейіліміз осы дарқан далаға ұқсас. Оны ешкім жоққа шығара алмасы белгілі. Біз бүгін жазырайы Сыр бойынан шығып, үстірті үстем, қыраты жасыл, белесі биік, жерінің үсті жал-жал кен, асты тұнған қазына-байлық Жезді өлке Жезказған жеріне ат басын тіредік. Геродот жазбаларында кездесетін бүгінгі Ұлытаудың тарихта танбаланаудағы ұлылығы осында жатса керек. Қазақтың бүкіл хандары оны құтты қоныс етіп, Ұлытауда «Хан ордасы» орын тебуі беркерден-бекер емес. Сыр елінен келген ардагерлер осынау тарихи орындарды аралап көріп, майдан даласында жанкештілік жасаған ерлер рухына дұға етпекші. Ұлытау жөнінде әлі де білмес жағымызды көзбен көріп, толықтыра түсеміз деп ойлаймын. Француздың аса көрнекті тарих-

шысы А.Тьеридің жазған тарихи деректеріне жүгінсек, Ғұн патшасы Еділдің/Аттила/ Италияға, Алманияға, Грецияға, Румынияға, Венгрияға, халықтары мекендейтін батыс бағытқа жасаған жойқын жорықтары V ғасырда осы түркі тектілердің ұлт болып ұйыған өлкесі, киелі кіндігі – Ұлытау төңірегінен басталғаны айтылады. Алда Алаша хан мазаратына, Жошы хан кесенесіне барып, дұға жасаймыз. Сыр ардагерлеріне қазақи үрдіспен қошемет көрсеткеніңізге көп рахмет. Ұлытаудың дамуы, өркендеуі жолындағы еңбегіңізге табыс пен абырой тілейміз! – деді Серік Дүйсенбаев.

Осыдан соң мемлекет және қоғам қайраткері, Қызылорда облысының Құрметті азаматы Биғали Қаюпов,

түрлі жолдарын ойластыруы. Өз кезінде әскери тарихшы Н.Середә «Кенесары өз халқына мәңгілік бостандық тіледі, шынайы патриот ретінде орыс мемлекетінің өздерін толық жаулап алуға ұмтылатындығын түсіне білді» деп жазған екен. Кенесарының бел шешпей ат үстінде жүрсе де халқының қамын ойлаған нағыз ер екенін осыдан біле беріңіз. Жан-жағы жазық Хан ордасы мен Ұлытауды мекен еткен Кенесары рухына Құран бағыштады. Ардагерлер Ұлытау орталығына қайтып келіп, түстеніп алып Алаша хан мазаратына жолға шықты.

Айтулы Қ.Сәтбаев қаласы жанынан жүріп өттік. Сырттан қарағанда қала сондай көрікті екен. Маңында саяжайлары тиіп тұр. Көгілдір үстірт үсті жап-жасыл. Бірнеше сағат жол жүріп, ақыры Алаша хан мазаратына келдік.

Алаша ханның кім екенін жазған Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и Рашиди» атты кітабында Мағұлстанның ханы Жүніс ханның баласы Сұлтан Ахмет хан болатын деген. Мағұлстанда оған тең келетін ешкім болмаған. Қалмақтар одан қатты қорыққан көрінеді. Қалмақ батыры Исантайшымен екі рет соғысып, оны ойсырата жеңген. Содан қалмақтар одан қорыққан. Осыдан соң «Алаша» деп лақап ат қойып, сонымен атап кеткен. Олардың тіліндегі мағынасы кісі өлтіруші, жаналғыш дегенді білдірген екен. Ол 1465-1504 жылдары өмір сүрген. Қазақ жерін қалмақтардан қорғаған тарихи тұлға десек болады. Алаша хан кесенесінде оның рухына дұға жасалды.

Осыдан соң Жошы хан ұлыстық құрған аймаққа бет алдық. Біз барған тарихи орындардың арасы бір-бірінен өте ұзақ. Әйтеуір диттеген жерімізге жеттік. Кесене маңында ақ орда құрулы тұр екен. Музей ішінде түрлі картиналар ілінген. Қысқаметражды фильм көрсетілді. Жазушы Ұларбек Дәлілейұлы «Жошы хан» атты кітабында «Біздің түсінігіміз бойынша Шыңғысхан дәуірі мен Жошы хан заманы – мәңгі таусылмас тақырып. Жошы хан Қазақ елінің түпкі құрушысы, барша хандардың атасы. Ал Ұлытау – Жошы сүйген, орда тіккен, мәңгілік тыным тапқан киелі мекен» деп келтіріпті. Біз де осы ойға қосыламыз. Осылайша бір күніміз Ұлытау өңіріндегі тарихи жерлерге арналды.

Қала шетіндегі қонақүйге барып тынықтық. Ұлытаудың таза ауасы шаршағанымызды баса түскендей. Жайдары жаздағы салқын сабат ауа жаңға жайлы. Ертенің Қызылордаға қарай көлігіміздің басын бұрдық. Асханадағы дастарқан басында Әбдіғалиұлы Әмірғалиев қонақасымыз, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Әбішұлына, ардагерлер кеңесінің хатшысы Мақсұт Бақеевке барлық ардагерлер аттың сабағын өте сәтті өткенін айтып, осы істі ұйымдастыруға ұйытқы бола білгеніне алғысын жеткізді.

Түсік ас ішкен ардагерлер көлік ішінде тарихи орындар жайлы өз ойларын ортаға салып, уақытты ұтуға көшкендей. Сөз арасында қаржы саласының ардагері Айдар Жұматұлы Ұлытау өңіріне келіп, Сыр елі жастарының жұмыс жасауға болатынын жайлы ойын ортаға салды. Тұмса табиғатының адам жанына жұмсақ тиетінін айтып, ауа райының қоңыржайлығына сүйсініп. Ол кісіге Ұлытау ауданының таулы, қыратты, үстіртті болуы, адам тынысын аша түсетіні ұнаған.

– Біздің жастар үш ай жазда осында келіп жұмыс істесе, өмірдегі өз жолдарын табады еді. Өйткені кеше аудан әкімінің орынбасары Алмас ініміздің сөзіне қарағанда, бұл ауданда кіші кәсіпкерлік дамымай жатыр. Егер кәсіп істейміз деген Қызылорда жастары болса, кез келген уақытта қолдар едік дегені ұнады. Менің байқауымша, осы үш ай жазда осында келіп ең әрісі кәсіп жасап сәтсе, ақысына шығар еді. Шапғараз кәсібі де жоқ сияқты. Есік-терезе жасаушылар да қажет секілді. Біз жақтағы жастар осында келсе, жұмыс көзін ашып алатынына сенімдімін. Ауылға жеткенде жастарға осы жағын айтып ой тастаған дұрыс-ау, – деді қаржыгер ағамыз.

Қалалық білім бөлімі жанындағы ардагерлер кеңесінің төрағасы Мылтықбай Бәйімбетов Ұлытау өңірінің малға жайлы, жері өте шұрайлы екеніне тоқталды.

– Осындай жерді жау қолына бермей, сақтап қалған ата-бабаларымыздың аруағынан айналдым. Бүгін аралаған тарихи орындарды көргенде кеудеме осындай ой түйдім. Осы жерлерді мектептің жоғары сынып оқушыларына арнайы саяхат жасатып көрсетсе, жастардың тарихи танымны кеңі түсер еді. Ауылға барғанда қалалық білім бөліміне, облыстық білім басқармасына айтсам деген ойда келемін, – деді ол.

Қызылордаға 15 сағат дегенде жеттік. Ұлытаудың тарихи жерлерін аралаудан алған әсеріміз көңіл төріне ұмылмайтын орнықты. Өйткені ұлылылардың ұйытқысы – Ұлытау өңірі бізді терең тарихымен де, әсем табиғатымен де таңғалдырды.

Кенжалы ЕРІМБЕТОВ,
Ақпарат саласының үздігі.
Қызылорда-Ұлытау-Қызылорда



ЕЛ НЕ КӨРСЕ, ГАЗЕТ ТЕ СОНЫ КӨРДІ

1929 жылдың 1 шілдесі – Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газетінің жарыққа шыға бастаған күні. Тоқсан бес жылдық тарихында мерзімді басылым талай тарихи белестен өтті. Атаулы күнді Халықаралық Ақпараттан-дыру академиясының академигі, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Алдажар Әбілов Сыр өңірінің бас басылымына қатысты өзі зерттеген деректерді бөлісті.

зерттеуі керек. Бұл – менің жеке пікірім. Енді сұраққа қатысты айталық. 1929 жылы ел астанасы Алматыға көшкен кезде Қызылорда округ болып құрылды да, біздің басылым аймақтың ақпарат тынысына айналады. Бұл кезде газет негізінен Кеңес мемлекетінің саясатын, ел жағдайын, коллективтендіру жайын, ел хабарларын жұмысын, елді сауаттандыру ісі мәселелерін жариялады. Негізгі тірек Мәскеуден шығатын орталық газеттер материалдары мен ел хабарлары болды. Газет кеңес билігінің қатаң бақылауында болғандықтан бұл тұстағы ел жағдайы бұрмаланып көрсетілді. Көбінесе коллективтендірудің қарқынды жүргізіліп жатқаны, бұрынғы жалшы-шаруалардың еңбекке белсене кіркісіне айтылғанмен, көзқарасты азаматтар бұл кезеңнің 1929-1933 жылдардың бүкіл Қазақстан, оның ішінде Қызылорда аймағына да өте ауыр тигенін, жұттан халықтың ауыр зардап шеккенін, шаруалардың көтерілістері көптеген аймақтарда болып, оны кеңес әскерінің қан жоса етіп қырып жібергенін біледі. Міне, сондықтан біз газеттің бұл

жаза бастауына осы кісінің өзі себеп болды» деп жазады марқұм Сейіткамал Усабаев 1929 жылдары газетке шыққан макалалары мен көтерген мәселелері туралы әңгімелегенде. Енді мұның өзі газет тарихының әлі де зерттелетін тұстары бар екенін көрсетеді. Газеттің тұңғыш редакторы, алғашқы редакция құрамы дегенді анықтау, нақтылау, ғылыми айналымға, өлке тарихына қатысты кезек күттірмес шаруа деп білемін.

– Тоталитарлық жүйенің тоқпа-ғынан құтылған ақпарат құралы жоқ-ау, сірә. Фасызға ауысқан, «облыстық» мәртебесінен екі рет айырылып, қайтарып алған басылым қандай соқпақтардан өтті?

– «Ел не көрсе, газет те соны көрді» дегенді жоғарыда айтып өттік. Газет елмен бірге қиналды, елмен бірге дамыды, елмен бірге небір соқтықпалы

весті» газеттеріне редактор орнына қол қойып отырғаны, яки осы екі басылымның жауапты шығарушысы болғаны, ауыл-село тілшілерін облыстық екі газетке тартып, журналистер тәрбиелеудегі ұшан-теңіз еңбегі, Мырзахмет Сәтбаевтың ол кезде редактордың орын-басары болғаны, тек жоғары органдар бекіткен соң ғана оның редактор ретінде газетке қол қоя бастағаны айтылады. Бұл тұста газетте бұрыннан бұл салаға қатысты тәжірибесі бар Сейіткамал Усабаев, Әбсадық Жанұзақов, Ізбасқан Ыбыраев, Мәлік Қаракұлов, Ахметжан Нұрекеев, Жаксыбай Құлымбетов, Бөлбай Әлменов және кызметкер жетіспегендіктен ауыл-село тілшілері Сәрсенбай Қошқаров, Құлмағанбет Шоматовтар кызмет атқарған еді.

Сол тұстағы саясат салқынынан кызметкерлердің жиі ауысуы газет жұмысына көп кедергі келтірген. Төңірегі бір-екі жылдың ішінде біраз

баллада, Сейтбек Ділмағанбетовтің «Шын сұлу», Тілеген Шорашевтың «Сәлем», Мәжит Айтбаевтың «Айлы түнде», «Бір жаз сұлу аттанды», Сәбит Шүкүровтің «Осылар саған тарту, жаңа жылым», Қалас Сәрсенбаевтың «Нұрлы заман», Айтбай Дүйсенбаевтың «Құрметті қонақ туралы» өлеңдері, Сұлтан Қожаниязовтың «Отан сақшысы» атты шағын әңгімесі жарияланған. Осы нөмірде Қарағандыдағы 18-бис шахтасының бригадирі Иса Сәдуақасовтың «Елу тоннашылар қатарын көбейтейік» атты макаласы да біздің жоғарыдағы пікірімізді дәйектей түседі.

Газет сол тұстағы үкімет саясаты мен аса маңызды оқиғаларды да халыққа дер кезінде жеткізіп отырған. Осы нөмірде жарияланған Қазақ ССР Оқу халық комиссары М.Әбдіхалықовтың «Сауат-сыздықты толық жоямыз» атты макаласы, Дүйсебек деген атпен қол қоюшының «Жана әліпбиді үйренейік» атты макаласы, күрші өнімін молайту, агротехника мәселелері туралы мақалалар жоғарыдағы ойымызды тиянақтай түседі.

Газеттің 1941 жылғы 2 қаңтардағы №2 (816) санында Әлібай Мырзахметовтің «Бір жылдық туралы» туындысының, №9 (823) санында Ә.Оңалбаевтың «Шөлдегі дария» поэмасының, №39 (853) санында К.Баймағанбетовтің «Тас жарған шындық» поэмасының, С.Ділмағанбетовтің «Болат тұлпар» өлеңі, М.Киікбаевтың «Тұрмыс тұлпарында» шығармаларының, №51 (865) санында Ә.Оңалбаевтың «Екі досқа», Ә.Бәйкеновтің «Заннның қуатымен», М.Киікбаевтың «Біз сайлаймыз» атты өлеңдерінің жариялануы, 28 ақпанда бір беттің түгелдей Жамбыл шығармашылығына арналуы да газет деңгейін танытқандай.

Басылым 1941 жылғы 9 қаңтарға дейін түгел латын әліпбиі негізіндегі қазақ жазуымен жарияланса, осы күнгі №7 (821) санда атауы ғана кириллица негізіндегі қазақ жазуына көшкен. Бұл тұста 8000 данамен шығып тұрған. 1941 жылғы 31 қаңтардан бастап материалдардың басым бөлігі Отан қорғау, әскери дайындық, әскери өмір, Ворошилов атқыштары, халықаралық жағдай мәселелеріне арналады. «Информбюродан», «Халықаралық жағдай» айдарлары газеттің барлық санынан көрінеді, тіпті Одақтың ер түпкіріндегі әскери борышын өтеушілер, әскери зауыттағылар туралы фотохабарлар да көп. «Жауынгерлік эпизодтар» деп аталатын айдарда кеңес әскерінің түрлі жаттығу сәттері, ұшақтар дайындығы және т.с.с. фотоақпарат түрінде берілген. Газет 1941 жылдың 10 тамызына дейін латын және кириллица негізіндегі қазақ жазуының аралас қолданысы жағдайында жарық көрсе, 1941 жылдың 10 тамызынан бастап түгелдей кириллицаға көшіп кеткен. Бұл «Сыр бойы» газетінің тәжірибе жинау кезеңі болғанына қарамастан басылым өз міндетін айбырымен атқарды, елмен бірге болды, халықтың жоқшысы, тілі, құлағы һәм көзі болды. Тіпті ел өміріндегі аса маңызды оқиғаларға айрықша көңіл бөлген. Мәселен, солардың бірі «Шіркейлі» каналының қазылуы 1941 жылдың көктемінде басталды. Канал Теренөзек, Жалағаш, Қармақшы аудандарының егістігіне су беріп керек еді, сондықтан бұл істі бүкіл облыс болып қолға алған. Канал қазу жұмысы үш уәсәкеге бөлінді, оған обкомның кызметкері Жаңабай Дүйсенов басшылық жасады. Міне, осы кезде құрылысшыларға арнап «Ленин жолы» газетінің көп тиражды «Су үшін күрес» атты қосымшасы шығып тұрды. Бұл қосымшада бар болғаны үш кызметкер жұмыс істеді. «Ленин жолы» газетінің редакторы Тойбазар Елемесов қосымшаға да редакторлық етеді, ал материалдар дайындау Мәңдіяр Киікбаев пен Ахметжан Нұрекеевтің еншісінде болады. Жер қазатын техника көп кезде елдің осы қаналды қолмен қазып шыққан ерлік ісі сол тұста облыстық газетте де, оның қосымшасында да толық баян етіледі. Міне, көріп отырғанымыздай, бүгін 95 жылдығын атап өтіп отырған «Сыр бойы» газеті талай кездерді бастан кешірді. Оз дамуының алғашқы сатыларында-ақ негізгі бағытынан, ұстанымынан айнымаған басылым бүгінгі таңда да сол дәстүрді сақтап, даму үстінде.

– Доңғеленген дата емес, әрине. Бірақ тоқсан бес жылдық та – басылым өміріндегі айтулы белес. Осы уақыт ішінде басылымның шығуы тоқтап қалған кездер болды ма? Болса, қандай себеппен?

– Екі ғасырдың күзесі болып, бүгін 95 жылдығын атап өтіп отырған «Сыр бойы» газеті өмірге келген күнінен бастап Сыр өңіріндегі елдің көзі, құлағы һәм тілі қызметін айбырымен атқарып келе жатқаны әмбеге аян. Басылым өз тарихында талай қиын кездерді бастан кешірді, талай соқтықпалы соқпақтарды басып өтті. Кеңес дәуіріндегі «Қызыл террор», аштық, ұжымдастыру, Отан соғысы, тың игеру, ғарышқа адамның ұшуы, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы және тағы басқа оқиғалардың барлығы газеттің шығуына, басылымның мазмұнына ықпал еткені белгілі. Бір сөзбен айтқанда, ел не көрсе «Сыр бойы» газеті де соны көрді.

Газеттің өмірге келуі Қызылорда облысының құрылуымен тікелей байланысты. Бұрынғы Ақмешіт қаласы Қызылорда атанып, қазақ мемлекетінің астанасы болып тұрған тұста біздің өңір алашында бірнеше уезге бөлінгені, ол уездердің округтерге біріктірілгені, тіпті 1926 жылдарға дейін Қарсақпай болысының да Перовск уезі құрамында болғаны белгілі. Бұған қатысты архив құжаттары талай сырды бүгіп жатыр. Құжаттар біздің аймағымыздың дәл қазіргі территориясында бірден қалыптаса қоймағанын көрсетеді, 1938 жылы өз алдына облыс болып құрылғанша Оңтүстік Қазақстан облысы құрамында болса, бұл кейін де қайталануы, 1950 жылдардың соңы мен 1960 жылдардың басында тағы да Оңтүстік Қазақстан өлкесі құрамында болғаны белгілі. Мұны айтып отырған себебіміз – бұл жайттың біз әңгімелеп отырған «Сыр бойы» газетіне қатыстылығы. Өйткені ол – өз тарихында екі рет облыстық басылым мәртебесінен айырылып, аймақтық басылым мәртебесін екі рет қайтып алған газет.

Міне, осы себептерге байланысты газеттің шығуы бірнеше рет аз уақытқа тоқтап, қайтадан шыққан. Бұл – газеттің жабылып, қайта ашылуы Қызылорданың бірнеше рет облыстық мәртебеден айырылуымен байланысты деген сөз.

– Тоқсан жылдық тұсында «газеттің алғашқы редакторына қатысты дерек нақтылануы тиіс» деген едіңіз. Ертенгі күні дай тұмас үшін мұны тасқа қаиғандай етіп қалдыру керек сияқты, қалай ойлайсыз?

– Келісемін. Әлі де сол пікірдемін. Бірақ осы орайда бұл шаруаны ғалымдар мойнына жүктеп қойып, қарап отыруға болмайды. Біз түрлі мәселелер бойынша пікір алысу кезінде кейбір жайттарға қатысты «неге Қорқыт ата университетінің ғалымдары зерттеу жасамайды?» дегенді естіп қаламыз. Бұл – қатетуісінік. Университет ғалымдарының да мектеп мұғалімдері сияқты жылдық оқу жүктемесі бар, көлемі де тура солардікіндей. Ол жүктеме орындалуы керек, бұл – негізгі міндет. Содан соң олардың ғылыми бағыттар бойынша жүргізіп жатқан зерттеулері бар, ғылым жаңалықтарын оқу үдерісіне енгізуі бар. Мен сондайда «неге мектеп мұғалімдері, газет-журнал, телевидение кызметкерлері, архив және музей, кітапханалар мамандары неге ізденбейді, неге зерттеу жасамайды?» деген ойды айтамын. Мұны тек сөз реті келгенін айтып отырмын. Әр сала өзіне қатыстыны өзі

тұстағы үлкен қызметі – елді білім алуға, сауаттануға шақыруы, мектептер мен қызыл отаулар, кітапханалар қызметін насихаттау, елдің мәдени-рухани өсуіне атсалысу, үкімет саясатын елге жеткізу, жас қаламгерлердің өсіп-жетілуіне мүмкіндік ашып, халық ақындары мен қазақ ақын-жазушылары шығармаларының бұқараға жетуіне жол ашу деп білеміз. Ал Қызылорда округінің Оңтүстік Қазақстанға қосылуы газет атының өзгеріп, «Ленин туы» атануына, аудандық партия комитеті мен атқару комитетінің органы болып қалуға әкелді. Газет тарихына қатысты деректерде басылымның 1929 жылы 1 шілдеден жарық көре бастағаны, арада үш жыл өткен соң басылым аты «Ленин туы» болып өзгертілгені, 1938 жылдан бастап 1991 жылға дейін «Ленин жолы» атанғаны көрсетіледі.

Енді алғашқы редактор Жиенғали Тілепбергенов болды дегенге қатысты мәселеге келейік. Алашардақтыларының соңғы тұяғы Жиенғали Әділұлы Тілепбергенов (1895, қазіргі Ақтөбе облысы Темір ауданы Қызыл жұлдыз ауылы – 1933, Ақтөбе қаласы) 38 жас жаспаған жазушы, драматург алғаш ауыл молдасынан сауатын ашып, одан соң Орынбордағы «Хусания» медресесінде оқыды. 1915-1918 жылдары Уфадағы «Галия» медресесінде білім алған ол осы жылдары шығып тұрған «Садақ» қолжазба журналының Бейімбет Майлиннен кейінгі шығарушысы болды. 1918-1933 жылдары ауыл мұғалімі, Темір ауданы оқу бөлімінің инспекторы, менгерушісі (1921-1925). 1925-1926 жылдары Ақтөбедегі «Кедей» газеті редакторының орынбасары, редакторы, 1927-1928 жылдары Қызылжардағы «Бостандық туы» газетінің редакторы, 1928 жылы Қызылорда ағарту институтында оқу-тәрбие жұмысын басқарушы, кейін директоры болды. Ол 1929-1930 жылдары «Сыр бойы» газеті редакторының орынбасары, 1931-1932 жылдары Қазақ мемлекеттік баспасының редакторы, 1932-1933 жылдары Темір ауданы «Социалды майдан» газетінің редакторы қызметтерін атқарған. Ол «Айқап», «Қазақ», «Алаш» газеттерінде елден хабарлар жазып, өлеңдерін жариялаған. Жазушының ауыл өмірін суреттеген «Танбалылар» (1930) повесі жарық көріп, «Перизат – Рамазан» (1928), «Тіліш» (1928) атты пьесалары сахнада қойылған. Әңгімелер мен фелетондар жинағы «Ізбасар» деген атпен 1969 жылы жеке кітап болып басылды. Көріп отырғанымыздай, оның сүбелі шығармалары Сыр топырағында өмірге келген болатын. Оның Ахмет Жұбановтың музыка өнеріне келуіне бағыт беруі, Қызылордада ауыруы, елдіе партия комитеті кызметкерлерінің бақылауында болуы, партия билетін лақтыруы және тағы сол сияқты жағдайлар өз алдына бөлек әңгіме.

Бізді ойландыратыны – Жиенғали Тілепбергеновтің «Сыр бойы» газетінің редакторы емес, редактордың орынбасары болғандығы. Барлық құжаттар осылай көрсетеді. Міне, бұл тұста да әлі анықтауды, зерттеуді қажет ететін жайттардың мол екені байқалады. Біз көрген деректерде Жиенғали Тілепбергенов газетке редактор үшін деп қол қойған. Дегенмен, газеттің шығуына оның мол үлес қосқаны анық. Сыр өңірі журналистикасының қалыптасуына, газеттің дамуына үлкен үлес қосқан Жиенғали Тілепбергенов жөнінде «Менің «Сыр бойы» газетіне мақала

соқпақтардан өтті. Газеттің тарихы басылымның небір қиын күндерді басынан кешіргенін көрсетеді. 1937-1938 жылдардағы «Қызыл террор» да газетті айналдырып өткен жоқ. Республикалық басылымдардан бастап, аудандық газеттерге дейін кызметкерлер үрей құрсауында күн кешті. Біздің қолымыздағы фотоқұжаттар 1937 жылдары журналистердің де көптеп ұсталып, репрессияға ұшырағанын көрсетеді. Басқасын айтпағанда, бір ғана мысал келтіре өтсек, газет кызметкері болмаса да, «Сыр бойы» («Ленин туы»), «Социалды Қазақстан» газеттеріне мақалалары мен өлеңдері жиі жарияланып тұрған қармақшылық жас жігіт Әлімбаевтің Әлінасқаров 1937 жылы «халық жауы» ретінде ұсталып, 25 жылға сотталып, Қыыр Шығысқа, Қолымаға айдалған еді. Әлекең алтын кенінде айдауда жүріп, бір күні Отан соғысының басталып кеткенін естіп, қайта-қайта арызданып жүріп, соғысқа аттанғанын, соғыстан аман-есен елге оралғанын, ауыл тілшісі боламын деп, 5 жыл түрме дәмін татқанын әңгімелеген еді бірде. Басқа да біз кездескен карт журналистердің естеліктері де аталған жайтты дәйектей түседі.

«Сыр бойы» газетіне және Ж.Тілепбергеновке, Н.Мұратбаевқа қатысты құжаттар басылымның үнемі бақылауда болғанын көрсетеді. Ж.Тілепбергенов ауырып жатқанда оның төсегінің жанында үнемі партия кызметкері қуыштықта отырғаны, Н.Мұратбаевтың жері Жәмиланың естелігінде: «...1935-1937 жылдары қорқынышпен күн кештік. Нұрекен кызметінен кешіте келе бізден: «Мені іздеп шықсаң келген жоқ па?» деп сұрайтын. Біз: «Кім келу керек еді?» десек, «НКВД адамдары» дейтін. Асығыс тамағын іше салып, түнінің бір уағына дейін қағаздарын ақтарыстырып, кейбірін отқа жағып отыратың» деуі, округтің партия кызметкерлерінен газет кызметкерлерін тексеруге «үштік» құрылғанын, «Сыр бойы» газеті кызметкерлерін тексеретін «үштік» Хасанов, Лаврин, Касьяненколар басылымның басшы кызметкерлері Батырғали Калюков, Жиенғали Тілепбергенов, кеңсе менгерушісі Датқабай Баймұхамедов, әдеби кызметкер Әбдірахман Мұстафин, жауапты хатшы Мұхамедәлі Байдуллиндерді тексеріп, «кызметіне жарайды» деп мінездеме беруі, 1937 жылы «Ленин туы» газетінің редакторы Қайыпназар Қауымбаевтың партия қатарынан шығарылып, «халық жауы» ретінде сотталуы сол сұрғылт күндердің сұрқия саясатын дәлелдері хак.

Міне, «Сыр бойы» газеті осындай зобалаңдарды басынан өткерді, жағдайдың қиындығына қарамастан өз міндетін айбырымен атқарды. Енді газеттің 1938 жылы қайтадан облыстық басылым мәртебесін алуы дегенге келейік. 1938 жылы Оңтүстік Қазақстан облысынан үш облыс – Қызылорда, Шымкент, Жамбыл облыстары құрылды. Міне, осы кезде бұған дейін Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінде кызмет атқарып жүрген Н.Мұратбаев Қызылорда обкомына үгіт және насихат бөлімінің менгерушісі қызметіне жіберіледі. Бұл туралы журналист-жазушылар Т.Майлыбайұлы, А.Нұрекеев, С.Усабаев және т.б. естеліктерінде бір кезде Ж.Аймауытов, Н.Төркелдов, І.Қабылов, Ғ.Тоғжанов сынды Алаш зиялыларымен кызметтес болған Н.Мұратбаевтың өздерін «Сыр бойы» газетінен кызметке шақырып, 6 ай екі басылымға да – «Сыр бойы» және «Қызылординские

кызметкер еңбек етіп, басқа кызметке немесе басқа өңірлерге ауыстырылып отырғанына құжаттар дәлел. Бұл тек 1939 жылдың екінші жартысына қарай бәсеңсиді, бұған себеп – сол тұстағы халықаралық жағдай, Хасан көлі, Халкин-Гол маңындағы шайқастар. Фин соғысы болуы керек деп топшылаймыз.

1939 жылдың екінші жартысында газетке редакторлыққа Тойбазар Елемесов тағайындалды. Қарт журналистер естеліктерінде оның өте іскер, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары басып болғанын айтады. Газеттегі материалдар сапасы жақсарып, басылым ел құрметіне бөленді. Бұл тұста басылым беттерінен қорғаныс жұмысы, әскери оқу, әскери ұшқыштар даярлау, Кеңес жауынгерлерінің ерліктері сынды материалдар, мақала, очерк, фотосуреттерді көп кездестіреміз. Газет ел тынысын, еңбек жетістіктерін, Кеңес үкіметі саясатын, аудандар, облыс, республика, одақ жаңалықтарын жариялаумен қатар, халықаралық жағдай туралы арнайы айдар, жалқаулар, жемқорлар және тағы басқа социалистік құрылысқа кедергі келтірушілерді сын найзасымен түйреген сын-сықақ бетін ашты. Бұл өз кезегінде Сыр өңірінен фельетоншылардың, сықақшылардың, сатириктердің өсіп шығуына жол ашты. Сонымен қатар, газет бұл кезеңде тек облыс көлеміндегі қаламгерлер шығармашылығын ғана елге жеткізіп қойған жоқ, басылым республикаға, Одаққа белгілі қаламгерлермен қатар, өзге облыстағы қалам қайраткерлері, халық ақындары туындыларын да жариялап отырды. Жамбылдың, Н.Байғаниннің өлең-жырларының, Ұлы Отан соғысында құрбан болған қазақтың ауылы ақыны Абдолла Жұмағалиев шығармаларының газет беттерінде жиі көрінуі – осының дәлелі.

Бұл айтылғандар қандай қиын күндер болмасын, редакция басына қаншама рет келестің жазалау бұлтты үйірілмесін, газет кызметкерлерінің өз ісіне адал болғанын, газетті шығару үшін өздерін құрбан етуге де дайын болғанын көрсетеді.

– Бағдыра басылымның ролі басым болғаны рас. «Сыр бойындағы» жазбалы үшін басы дауға қалған, таяқ жеген қандай жасайдыларды білесіз?

– Бұл сауалға қатысты аз да болса жоғарыда айтылып өтті. Дегенмен, менің білуімде газеттегі жарияланған материалдары үшін сөгіс алмаған, таяқ жемеген кызметкер саусақпен санаулы ғана. Оның қайсыбірін тізбелеп жатар-сын. Бұл газет кызметкерлерінің қай кезде де шындығы айта алғанын, ақиқат ауылынан алыстамағанын көрсетеді.

– Газеттің алтын дәуірі деп қай аралықты айтар едіңіз? Бұрынғы мен бүгінгінің салмағын бағаман берсеңіз...

– Газет қай кезде де өз биігінен түскен жоқ. Мәселен, сонау 1939-1942 жылдар аралығын қарап көрейік. 1942 жылға дейінгі шығарылымдарда «Сыр бойы» газетінің халық өнері мен көркем әдебиетке ерекше көңіл бөлгені көрінеді. Газеттің ер санында өлең немесе қысқа әңгіме кездеседі, ал сын-сықақсыз газет шықпаған сияқты әсер қалдырады. Мәселен, 1941 жылғы 1 қаңтардағы газеттің №1 (815) санында Әлібек Бөйкеновтің «Жаңа жыл» атты өлеңі бірінші бетте жарияланса, 3-бет тұтасымен әдебиетке арналып, «Көркем әдебиет – шындық тұрмыстың айнасы» деген айдармен ашылып, Т.Үркімбаевтың «Мол табыстың жылы етелік», Мәңдіяр Киікбаевтың «Бал туралы

«Казір сондағы кейбір тәжірибелерді пайдаланып көрсе қайтеді?» деген де ой бар менде. Мәселен, газет арқылы айтыс ұйымдастыруға болады. Қазіргі айтыс өнерінің дамуында газетте жарияланып отыратын аудандар арасындағы айтыстың үлкен рөл атқарғаны анық. Осыған қоса студенттер арасында, оқушылар арасында айтыс ұйымдастырып, оны газет бетінде жариялап отырса, мұның жақсы нәтиже берері анық. Бұдан да басқа газетке қатысты ойлар бар, алайда оның барлығын бір сұхбатқа сыйғыза алмаймыз анық. Жалпы «Сыр бойы» газеті уақыт талабына сай кызмет атқарып келе жатқан басылым деген пікірдемін.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»





/// АВТОРЛАР АЙТАДЫ

Сағындырған сағым жылдар

Әдебиет саласындағы Нобель сыйлығының лауреаты, белгілі жазушы Элиас Саломон Канетти «Қазіргі дүниенің ең ақиқат, әрі ең қорқынышты бет-белері – газет» дейді. Қазақ елінде тұңғыш рет «Қазақ» газетін шығарып, халқымыздың көзін ашқан Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлы «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» десе француз жазушысы, ақын Адриан Декурсельдің «Журналист – өз газетінде сараланатын жазушы» деген қанатты сөздері бар. Иә, газет пен журналист – бір, егіз ұғым.

«Газет келді ме?»

Облысымызға белгілі ең басты мерзімді басылым, алғашқы саны сонау 1929 жылы 1 шілдеде шыққан бұрынғы «Ленин жолы», қазіргі «Сыр бойы» газетінің өңір тарихында алатын орны бөлек. Біз кеңес заманында өмір сүріп, қызмет бастаған орта буын азаматтар газеттің, кітаптың, адамдар арасындағы қарым-қатынастың, адамға аса қажет басқа да құндылықтардың қадірін біліп өстік. Ол уақытта бұқаралық ақпарат құралдарының, әсіресе газеттің беделі өте жоғары еді. Әкем жұмыстан кейін үйге келгенде бірінші: «Газет келді ме?» деп сұрайтын. Газет келмесе немесе уақытылы келмесе поштаға телефон соғатын еді. Үйге Мәскеуден шығатын орталық «Известия», «Труд», «Правда» мен «Социалистік Қазақстан» газеттерімен қоса «Комсомольская правда», «Лениншіл жас», жергілікті «Ленин жолы» газеттерімен қатар «Человек и закон», «Мәдениет және тұрмыс», кей жылдары «Ара», «Білім және еңбек», «Жұлдыз», «Жалын», т.б. журналдар келетін. Бұлардан басқа «Союзпечать» дүңгіршектерінен «Литературная газета», «Футбол», «Панорама», т.б. бірнеше газет, журналдар алатынбыз.

Әрине, бұл газеттердің ішінде отбасымыз үшін сонау 1950 жылдардың аяғынан бері тұрақты оқырманы болып есептелетін қазіргі «Сыр бойы» газетінің орны ерекше. Жүрегімізге жақын бұл газеттің жаңа санын бәріміз асыға күтетін едік, сосын таласып оқымыз, марқұм әкем әр санын жинап, сақтап қоятын. Себебі, әкем Асан Қоразбаев 1958-1988 жылдары Қызылорда облыстық кәсіподақтары кеңесінің заң консультациясы бөлімінің менгерушісі лауазымын атқарды, ал шамамен 1960 жылдардың басында газетте жаңа айдар, зангер бұрышы ашылды. «Сұраққа жауап береміз», «Заң консультациясы». Жаңа рубрика «Кызылордские вести» газетінде «Юридические консультации», «Вы спрашивали, мы отвечаем» деп аталды. Сол кездерде күнделікті әкемнің жұмысына, газет редакциясына оқырмандардан ондаған хаттар келетін.

Ол кезде еңбек заңнамасын бұзғаны үшін жұмыс берушімен соттасу практикасы жоқ болатын. Бұл кеңес социалистік заңнамасына қайшы. Біреу жұмыстан заңсыз

шығарылады, біреудің зейнет ақысы төмен, ал тағы біреу 1930 жылдардағы жаппай ұжымдастыру кезінде, басқа да қиын-қыстау кездерде құжаттарынан айрылған, зейнетақы алмайды. Міне, сол азаматтардың барлығы қиналған кезде қазіргі «Сыр бойы» газеті редакциясына сенді, редакциядан көмек сұрады, сапалы кеңес алды. Кейін арыздары шешіліп, қанағаттанған газет оқырмандары ризашылығын білдіріп, газетке алғыс жаудыратын.

Шамамен 6-7 кластан бастап отбасымыздың сүйікті басылымын

(құқық қорғау) органдар мен мемлекеттік, қоғамдық ұйымдар тарапынан аса көңіл бөлінетін. Сол қатан тәртіп «Сыр бойы» газетінде де сақталды. Міндетті түрде кемшіліктердің түзеліп, заң бұзушылықтардың жойылып, кінәлілерге шара көрілгені туралы жедел түрде жауап берілетін. Кез келген отбасы ең кем дегенде екі газет, журнал, орташа отбасы төрт, бес басылым жаздырып оқитын. Иә, түсініген адамға газеттің әлі де адам өмірінен алатын орны ерекше, рухани, құнды азық, сауаттылыққа, ғылымға жетелейтін баға жетпес дүние. Елімізде, өңірімізде әлі де көзі ашық, көкірегі ояу, газет сүйіп оқитын адамдар жеткілікті. Сауатты халқы бар, ғылымды дамыған ел әрқашанда өркеніетті мемлекеттер қатарынан орын алатыны белгілі.

Қазіргі күні айналымдағы көп нәрсе өзгеріп, адамның басты құралы ғаламтор, смартфон, планшет, гаджет болған заманда түсініген адамға теледидар мен газеттердің адам өміріндегі орны ерекше. Иә, радио ұмытылды. Кейбір сауатты, санасы төмен ойына келген арзан дүние жолдайтын әлеуметтік желілер өкімшілері мен белсенділеріне телмірген жастардың да, ересектердің де ойы бұзылып, психикасына кері әсер етуде. Қазақ тілінің өздері өзгеріп, бұрмаланып, мәртебесін төмендетуде. Ғаламторда сағаттап бас көтермей отыратын жастарымызда мейірімділік азайып, қатаңдық, қатыгездік көбейуде. Бұл олардың тек көзіне ғана зиян емес, сонымен қатар психикасына, орнынан қозғалмай отырғанынан кейін адамның басқа мүшелеріне де зиян екенін дәрігер мамандар айтады. Бір байқағанымыз, балаларға жақындап күнделікті айналысып жүрген жұмысына, сабағына байланысты бір нәрсе сұрасаң кібіртіктеп, бірден жауап бере алмай қалады.

Ал газеттің жөні бөлек. Газет айналасындағы арнайы білімі бар нағыз мамандар бір мақаланы дүниеге алып келу үшін әбден ойланып, толғанып, жоспар құрып, әртүрлі мәселені зерттеп, сүзгіден өткізеді. Бірнеше маман қолынан өтіп, сосын барып, газет басышы келісімімен газетке жарияланады. Мақалалардан адам үлгі алады, сауатын ашады, жазу мәдениетін үйренеді. Әлеуметтік желі десе асын жерге қоятын жастар әлемнің өркеніетті, озық мемлекеттерінде оқу мәдениеті қалыптасқанын, басылымдардың тұрақты шығып тұратынын, Құрама штаттарда да, мұсылман елі Түркияда да, күнделікті миллиондаған, ал шығыстағы Жапонияда күніне екі рет 9 миллиондық таралыммен шығатын газетті ересектер де, жастар да қызығып оқитынын білуі тиіс.

Газет туралы «Өзі – бір күндік, сөзі – мың күндік» деген теңеу бекерден-бекер айтылмаса керек. Өңірімізге белгілі каламгер Қ.Шарабидинов басқарып отырған «Сыр бойы» газеті ұжымына оқырмандары көбейіп, абыройы, тараптары артып, республикадағы алдыңғы қатарлы газеттер қатарынан орын алуына тілектеспін.

Хұсайын ҚОРАЗБАЕВ,
заңгер, журналист, полиция полковнигі,
Ақпарат саласының үздігі

Біздің ауыл теңіз жағасына қоныс тепкен «Бірлестік» атты балықшылар ауылы болатын. Таң білінер-білінбесте Арал қаласынан келген кемелер дабылынан шырты ұйқыда жатқан балықшылар оянып, өре түрегелетін. Бала болсақ та көзімізді тырнап ашып, сабаққа бармас бұрын теңізге тартатынбыз. Кеше кешкілік теңізге салған ауымызды жағаға тартқылап, ау торындағы тыран шабақтарын жинақтап, арқалап, сүрініп-қабынып үйге келеміз. Тұлабоймыздан балық иісі мұңкіп сабақта отырамыз. Балалық шағымызды сағындырған сол бір сағым жылдар әлі күнге дейін көз алдымызда тұрады.

Әлі есімде, газет-журнал, хат-хабар тасушы «Попов» атты кеме болатын. Ауылымыздың хат тасушысы марқұм Кішкене Құтманбетов есімді ағамыз еді. Сол кісімен бірге ескекті қайықпен кемеге барып, газет-журнал тасымалдауға көмектесетінмін. Ол кезде республикалық «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас», «Қазақстан пионері», облыстық «Ленин жолы», аудандық «Социалистік Арал» газеттері мен «Мәдениет және тұрмыс», «Қазақстан әйелдері», «Ара», «Балдырған» журналдары келетін. Жата-жастана жатып, газет-журналдарды парактаймын.

Ұмытпасам, 1963 жыл болса керек. Ол кезде бесінші сынып оқушысымын. Асығыс-үсігіс «Ленин жолы» газетін парактай бастағанмын. Соңғы бетіндегі шағын ғана «Балықшы бала» деген жазба көзіме оттай басылды. Бұл менің парталас досым Айжарық Әбішев жайлы жазған ең алғашқы мақала болатын.

Содан мақала жазуға деген құлшыныс пайда болып, жата-жастана жазуға кірісемін. Менің қолыма алғаш рет қалам ұстатып, шығармашылық жолға түсуіме бастау болған «Ленин жолы» (бүгінгі «Сыр бойы») газеті ұжымына айтар алғысым шексіз.

1969 жылы кезіндегі Н.Гоголь атындағы педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға қабылданып, Қазі Данабаевпен табыстымыз. Қазақ әдебиетінен дәріс берген Әуелбек Қоңыратбаевты күні бүгінге дейін сағынышпен еске аламыз.

Қазі олең жазып, ал мен кара сөзге қаймақ тұрғызым келеді. Осы бір талпынысымызды аңғарған Әуелбек ағай өз жазбаларын бізге беріп, «Ленин жолына», Қомшабай аға Сүйенішөвке апта сайын жіберіп отыратын. Өз жазбаларымызды да алып, салып-ұрып осында жетеміз.

Ол кезде газеттің «Мәдениет және әдебиет» деген бөлімі болатын. Бөлім менгерушісі Қомшабай аға да, ал Жаксылық Түменбаев, Әбдіхан Айдаров, Рысты Бекбергенова осы бөлімде қызмет істейтін. Осындай қарымды каламгерлермен алғашқы таныстығымыздан соң, бергін келе ақыл-кестері мен тапсырмалар алатын, болды. Ойым орнықты болуы үшін бірлі-жарым деректі айтпақса болмас.

Сол жылдары «Ленин жолы» газетінде «Сықақ пен мысқыл» деген айдар болатын. Осы айдарға топтастырылған материалдар газеттің сенбі күні санында берілетіндіктен, оқырмандар асыға күтетін.

Ол – коммунистік партияның дүркіреп тұрған шағы. «Сықақ пен мысқыл» іліккен башы жазасыз қалмайтын. Бұл тақырыпқа сай келетін материалдар жетіспей де жататын. Содан болар, Қомшаған Қазі екеуімізге осы тақырып төңірегінде материалдар жазуға тапсырма беретін. Біз құлшына кірісіп, талай сын-сықақ жазып, жасыратыны жоқ, әлдекімдердің ренішіне қалғанымыз бар. Бір ғана деректі айтайын.

Өздеріңізге мәлім, қала іргесіне қоныс тепкен «Қаракөл» қой совхозының ол кезде дүркіреп тұрған шағы. Шаруашылықта екі күн болып, қысқа әзірлі барысымен етене танысып, қой қоралары мен шопан үйлерінің жөндеуден өтпегенін, жем-шөптің де жеткіліксіз екенін өз көзімізбен көріп, көңілге түйіп қайтқанбыз. Ұзын сөздің

қысқасы сол, «Қараөзекке қар жаумай ма?» деген сын мақала жарыққа шығып, совхоз директоры мен партком хатшысы (есімдерін атамай-ақ қояйын) аудандық партия комитеті бюросының талқысына түсіп, бірі қатаң сөгіс, екіншісі сөгіс алған еді.

Сағындырған сағым жылдар ойға оралғанда «Ленин жолында» қызмет еткен қаламгер ағалардың бітім-болмысы көз алдына келеді. Олар: Құрманғали Ажаров, Шәкізат Дәрмәғанбетов, Ақберген Ержанов, Шора Ералиев, Арзымбек Мәденинов, Қомшабай Сүйенішов, Жаксылық Түменбаев, Әбдіхан Айдаров, Рысты Бекбергенова, Нұрпейіс Байғараев, Дархан Сапаров, Қайырбек Мырзахметов, Айжарық Сәдібеков, Мырқы Исаев, Рашид Жарылқасынов, Өтеген Жаппарханов, Болат Омаралиев, Бергін келе газетте Құттыбай Сыдық, Асқар Кіребаев, Қазі Данабаев, Оразбек Мақсұтұлы, Серік Пірназар, тағы басқа қарымды қаламгерлер қызмет етті. Есімдері аталмай қалған азаматтардан кешірім өтінемін.

Қазі екеуіміз жоғарыда айтқан ағаларымыздан ақыл-кеңес алу үшін күн құрғатпай редакцияға ат басын бұратынбыз. Тіпті, Жаксылық, Әбдіхан, Нұрпейіс, Айжарық ағаларымыз біздің жатақханаға соғып, ағыл-тегіл өңіміз төгетінбіз.

Ол кезде басылымға жарияланған материалдар мүлде өзгеше де өзекті болатын. Оқырмандар очерк, фельетондарды асыға күтуші еді. Жаксылық, Айжарық пен Шәкізат ағамыз жазған очерктер мен Өтеген ағаның өткір қаламынан туындаған фельетондар күні бүгінге дейін өзекті.

Ағаларымыздың дені қарымды қаламгерлер ғана емес, сегіз қырлы, бір сырлы болатын. Жаксылық аға жақсы билейді, Әбдіхан аға ән айтатын, ал Арзымбек ағамыз домбыраның құлағында ойлап, Құрманғазының күйін төгетін. Қаламгерлердің бәрі дерлік шахматшы болатын. Қай бөлмеге барсақ та шахмат ойнап отырған ағаларды көретінбіз. Әзіл әңгімелерді де өрбітіп отыратын.

– Ескі көздер бара жатыр азайып, Олар жайлы ойлаудың өзі азайып. Ей, тірілер!
Соларды бір еске алып,
Тебіренейік, толғайық, жазайық! – деп аркалы ақын Мұқағали айтқандай, өткен, қарымды қаламгер ағаларымыздың әрқайсысы жайлы көсілте жазуға әбден болар еді. Ол уақыт еншісінде.

Биыл 95-тің төріне озған «Сыр бойы» газетінің шыққан шыны мен алған асуы да айтарлықтай. «Құрмет белгісі» орденімен марапатталып, бір емес, бірнеше рет Одақ көлемінде жүлдегерлер қатарына ілігіп, ал еліміз Тәуелсіздік алған жылдары ел басылымдарының көш басына шығуы тектен-тек болмаса керек. Өткен жылы «Үркер» ұлттық сыйлығын иеленуі – сырбойылық журналистердің шығармашылық табыстарының жемісі. Осындай талағай табыстарға кенелуі бүгінгі қаламгерлер қауымының ағалар жолымен жүргеннен болса керек.

Сөз соңында көп көкейінде жүрген бір ұсынысты оқырмандар ойына салғым бар. Рас, есімдері Сыр еліне танымал бірлі-жарым қаламгерлерге қаладан көше атаулары берілді, беріліп те келеді. Бір өкініштісі сол, осылардың арасынан кейбір қарымды қаламгерлерді таппайсың. «Сыр бойының» 95 жылдық торқалы тойы қарсаңында көп көкейінде жүрген осы бір толғақты мәселе өз шешімін табар деген ойдамын. Ол да уақыт еншісінде.

Жылдар жайлы азын-аулақ ой-толғамдарыма тоқтам жасай отырып, сырбойылық қаламгерлер қауымына ойларын өткіріп, қаламдарың ұшығыр болсын деген ақ тілегімді айтқым бар.

Еркін ӘБІЛ,
жазушы-журналист

Оқырманын ойға жетелеген

Оқырман ретінде «Сыр бойы» газетін «Ленин жолы» атауымен өткен ғасырдың жетпісінші жылдарынан бері білемін. Еңбек жолымды 1977 жылы теміржол мекемесінде бастаған кезден еліміз тәуелсіздігін алғашқы «Ленин жолы» үзбей алып, газет бетіндегі сол өзіміз өмір кешкен кеңестік қоғамдағы ел жаңалықтарынан хабардар болып отырушы едік.

«Ленин жолы» облыстың маңдайалды басылымы болған соң қолына қалам ұстауына себепкер болды. Басылымның бүгінгі аяқалсыз мүлдем өзгеше, барлық саланы қамтуға бірыңғай бет алғаны анық байқалады. Шет елдегі, елдегі, аймақтағы, аудандардағы, ауылдардағы өзгерістерді өңін өзгертпей, ақжолтай жаңалықтарды алып ұшып, қалың бұқараға тұшымды, жалықтырмай, сонымен бірге дер кезінде жеткізіп келе жатқан

маққа үндейді. Көкірек көзінде санылауы бар, ойы озық талай жанның қолына қалам ұстауына себепкер болды.

Басылымның бүгінгі аяқалсыз мүлдем өзгеше, барлық саланы қамтуға бірыңғай бет алғаны анық байқалады. Шет елдегі, елдегі, аймақтағы, аудандардағы, ауылдардағы өзгерістерді өңін өзгертпей, ақжолтай жаңалықтарды алып ұшып, қалың бұқараға тұшымды, жалықтырмай, сонымен бірге дер кезінде жеткізіп келе жатқан

жанкешті еңбегінен оқырман ретінде, сонымен бірге газеттің тұрақты авторының бірі ретінде хабардар болып отырамын.

Басылымның беделін арттырумен қатар, өмірлік өзекті мәселелерді де қаузап жүрген «Назар», «Өнер», «Тарих», «Денсаулық», «Сан сала», тағы басқа айдарлар оқырманға ой тастап отыратыны да құптарлық. «Сыр бойы» ақпараттық агенттігінің де өз оқырманы қалыптасты.

«Мәселе» айдарында ҚР Су ресурстары және ирригация министрінің назарына ұсынылған осы саланың елге белгілі білікті маманы, Арал ауданының Құрметті азаматы Зауалхан Ермахановтың кіші Арал тағдыры туралы толғанысы сарпақа салыныпты. Кейінгі жылдары көп тал-

қысына түсіп жүрген Солтүстік Арал – Кіші Арал, теңіз көкжиегіне көз тігіп, үмітпен қарап отырған аралдықтарды ғана емес, жалпы жұртшылықты ерекше алаңдатып отырғаны жасырын емес. Аймақ тұрғындары ұзақ жылдар бойы Солтүстік Арал теңізін біртұтас көтеруді сұрап келе жатқанын сала маманы күрмеуі қиын, көкейкесті мәселе ретінде дәлелді жеткізді.

Бұған қоса аймақта экономикалық өсімге әсер етіп, жұмыссыздықтың азаюына септігі тию мүмкіндігі бар «Қамыстыбас» елді мекенінде орналасқан «Қамшай» жағажайы, жер астынан шығатын ыстық бұлағымен республикаға белгілі алақандай ауыл «Ақеспені» медициналық туризм мекеніне айналдыру, Арал теңізіндегі тарихи орындар мен Арал қасіретін

әлемге сездірумен бірге табыс көзіне айналдыру туралы қозғаған Еркін Шамшадиннің де ұсынған мәселесі ойлануға тұрарлық.

Өзім тұрақты автор ретінде аз-аздап болса да, имандылық мәселесінің иіріміне қалам тартып жүретінімді қоғамды ойландырып отырған жайттарға бей-жай қарай алмайтындығым деп сезінемін.

Елдік мәселелерді електен өткізіп, ойды оқырманға ұсынып жүрген газет ұжымының ұстанған бағыты айналп келгенде баянды болашаққа бет алған елдің көш-керуенінің жүрісінен жаңылмауына шама-шарқыңша үлес қосу екені анық.

Әлімжан ҚИЯС,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

ТЕМІРЖОЛ: ЖАЙЛЫ НЫСАН – ЖАҚСЫ НЫШАН

Теміржол саласын реформалау – көптен көтерілген мәселе. Ел арасында вагон сапасы, жолаушылар билетінің құны, пойыздың жүру жиілігі турасында ұсыныс-пікір таластаған емес. Өсіресе, қыс аязы мен шілдігір шілдеде жұмыс істейтін теміржол жөндеушілердің еңбек ахуалы ерекше бақылауды қажет ететіні жасырын емес. Есте болса, біршама уақыттан бері сала мамандары бұл олқылықты айтып, теміржол жөндеушілеріне жатын жай, жайлы жағдай жасалсын деген талап қойған.



Міне, көптен күткен тілек орындалатын уақыт жетті. «Қазақстан темір жолы» республика бойынша шойынжол жөндеушілерге арналған қызметтік тұрғын жай модулін салуды бастады. Қазіргі таңда алды пайдалануға берілуде. Соның бірі жуырда Арал ауданындағы 19-бекетте бой көтеріп, ашылу салтанаты өтті.

Шараға «Қазақстан темір жолы» АҚ-ның Қызылорда теміржол магистральдық желі бөлімшесінің басшысы Ербол Сәулебеков, кәсіподақ комитетінің төрағасы Бауыржан Ахметов қатысып, сала мамандарына ақжарма тілегін айтты.

Теміржол саласындағы әрбір қызметкерге қолдау жасау, қалыпты, кедергісіз еңбек етуіне жағдай тудыру компанияның алдында тұрған басты мақсаттардың бірі. Осындай қуанышты

сәттің бірін өздеріңізбен бірге өткізіп тұрмыз. Бұл – сіздерге деген компанияның алғысы, – деді бөлімше басшысы.

Айта кетейік, 19-бекет 10 жыл бұрын пайдалануға берілген «Бейнеу-Сексеуіл-Жезказған» шойынжолы бойында жатыр. Мұнда мамандар ауысымдық әдіспен жұмыс істейді, яғни 5 күн нысан аумағында болады деген сөз. Сондықтан қызметкерлерге қолайлы жағдай жасау, тынығуға жайлы мүмкіндік қарастыру маңызды. Бұрын олар ескі әрі тар теміржол контейнерінде қоныстанса, енді жаңа әрі кең нысанға қол жеткізді. Ғимаратта 10 адамға арналған тынығу, жуыну бөлмесі, асхана орналасқан.

Мұндай қызметтік тұрғын жай модулі тек 19-бекетте ғана емес, мұнан бөлек 8 бекетте салынып жатыр. Осы тоғыз

модульдің 4-уі аяқталып, 19, 18, 17, 16 бекеттерде пайдалануға берілді. Қалған бесеуі шілде айында толықтай аяқталып, теміржолшылардың игілігіне табысталды. Осы жұмыстардан кейін мұнан да бөлек тағы бірнеше модульдің құрылысын салу жоспарда бар.

Жұмысшылар да нысанның бой көтергеніне дән риза. 30 жылдай теміржол жөндеуші болып қызмет атқарған Қуаныш Мейрамбек бұл мүмкіндік жұмыс сапасы мен ұжымдық көңіл-күйге әсер ететінін жеткізді.

– Салада 1996 жылдан бері еңбек етемін. Жаздың аптап ыстығы, қыстың қақаған суығында жол жөндеу оңай емес. Жаурап келгенде пана болатын нысан жайлы болса, жұмыс өнімділігі де артатыны белгілі емес пе? Сондықтан қызметтік тұрғын жай модулімен қамтамасыз еткен басшылыққа алғысымыз шексіз, – деді ол.

Сондай-ақ шараға арнайы шақырылған сала ардагері Қартбай Қайымбаев ықыласын білдіріп, компания саясаты туралы пікір білдірді.

– Біз қызмет жасаған уақытта мұндай жағдай мен мүмкіндіктер бола қоймайды. Бүгінгі теміржолшыларға қарап қызығамыз. Бұл да болса дамудың көрінісі, – деді ардагер.

Быыл салада оң өзгеріс байқалады. Жыл басында «Қазақстан темір жолы «ҰҚ» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаев соңғы үш жылда компанияның негізгі өндірістік көрсеткішінде өсім барын және былтыр жүк айналымы 7 пайызға, транзиттік тасымалдау көлемі 18 пайызға ұлғайғанын айтқан болатын.

Еңбек адамын бағалау, қолайлы жағдай жасау тек қызметкер үшін емес, жұмыс берушіге де тиімді. Себебі жайлы ортадағы маман жоғары көрсеткіш көрсетіп, жұмыс өнімділігін арттыратыны белгілі. Осы орайда теміржол саласындағы серпіліс жағымды нәтижеге бастайтын қадам боларына сенім мол.

**Ерсін ШАМШАДИН,
«Сыр бойы»**

/// ПРЕМЬЕРА

Сахна өлеміндегі тұңғыштар тағдыры бір сәт те бейжай қалдырып көрген емес. Өткенге оралсақ, 1926 жылдың 13 қаңтарындағы өнер өлкесінде болған ұлы жаңалық – Қызылордада ашылған тұңғыш кәсіби қазақ театрында Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» спектаклі қалың көрермен назарына ұсынылып, осы қойылым арқылы тұңғыш қазақ театр өнерінің шымылдығы түрілген еді.

«Еңлік-Кебек» немесе бастауға оралу



Қазақ өнерінің тарихында алтын әріппен жазылған атаулы күні ең алғашқы сахналанған қойылым ретінде осынау шығарманың таңдап алынуы да бекер болмаса керек. Себебі бұл туындыда күллі қазақ қоғамындағы айшықты оқиғалар мен өзекті мәселелер көрініс табады. Сол заманның ғасыр індеті, ұлт арасындағы алауыздықтың дүрбелені шебер сипаттауы – шынайылығында. Кейіпкердің шынайы эмоциялары, жанды музыка, артық бояусыз қойылымдар көрерменді өзіне тартып тұрады. Бұрын әзіл-сықақ театрларымен әншілердің концертінде билет қалмай, талап алып кететін болса, қазір театрдағы қойылымдарға билет қалмады деп ренжіп жатады. Біздің жарнама – көрерменнің өзі. Қойылымға келген жан келесі жолы досын, бауырын, сүйіктісін ерте келеді. Осылайша жастардың жаңа бастамалары өз көрерменін тауып үлгергендей, – деді Ұлан Болат-баев «Жыраулар үйінде» өткен брифингте.

Спектакль стилистикалық жағынан ұлттық салт-дәстүр мен заманауи өнерді ұштас-тыруға бағытталған. Соған сәйкес қойылымның негізгі декорациялық көркемделуі ұлттық нақышта көрініс тапты. Кейіпкерлердің костюмдері де арнайы дизайнерлік жобаларға сәйкес қазақ халқының ұлттық коллариттерін, ою-өрнек нақыштарын дәріптеп, айқындап көрсетеді. Костюмдердің эскиздерінде құрамалы ою-өрнектер арқылы «құрақталған, тағдыры жамалған, жарасы мен жырттығы көп» қазақ ұлтының тағдыры бейнеленген. Қойылымда абыз рөлінде Санат Жұзбай ойнаса, Еңлік рөлін Зарина Ерболқызы, Кебек рөлін Нұрдулет Әбді-қаппар сахналады. Спектакльдің қоюшы суретшісі – Жаркынбек Қосбаев. Айта кетейік, спектакльдің негізгі идеясы, қазақ қоғамындағы әйел теңдігі, руластар мен рух-тастар қақтығысы, махаббат және салт-дәстүр ұстанымдарына негізделген.

Қазіргі театр өнерінде өзгеріс көп. Сахнаға жастар келді. Бұрындағыдай сахнаны толық декорациямен сәндеп, тау салып, сурет салудың қажеті шамалы. Бүгінгі буынның театрға қызығушылығының артуы – шынайылығында. Кейіпкердің шынайы эмоциялары, жанды музыка, артық бояусыз қойылымдар көрерменді өзіне тартып тұрады. Бұрын әзіл-сықақ театрларымен әншілердің концертінде билет қалмай, талап алып кететін болса, қазір театрдағы қойылымдарға билет қалмады деп ренжіп жатады. Біздің жарнама – көрерменнің өзі. Қойылымға келген жан келесі жолы досын, бауырын, сүйіктісін ерте келеді. Осылайша жастардың жаңа бастамалары өз көрерменін тауып үлгергендей, – деді Ұлан Болат-баев «Жыраулар үйінде» өткен брифингте.

Спектакль стилистикалық жағынан ұлттық салт-дәстүр мен заманауи өнерді ұштас-тыруға бағытталған. Соған сәйкес қойылымның негізгі декорациялық көркемделуі ұлттық нақышта көрініс тапты. Кейіпкерлердің костюмдері де арнайы дизайнерлік жобаларға сәйкес қазақ халқының ұлттық коллариттерін, ою-өрнек нақыштарын дәріптеп, айқындап көрсетеді. Костюмдердің эскиздерінде құрамалы ою-өрнектер арқылы «құрақталған, тағдыры жамалған, жарасы мен жырттығы көп» қазақ ұлтының тағдыры бейнеленген. Қойылымда абыз рөлінде Санат Жұзбай ойнаса, Еңлік рөлін Зарина Ерболқызы, Кебек рөлін Нұрдулет Әбді-қаппар сахналады. Спектакльдің қоюшы суретшісі – Жаркынбек Қосбаев. Айта кетейік, спектакльдің негізгі идеясы, қазақ қоғамындағы әйел теңдігі, руластар мен рух-тастар қақтығысы, махаббат және салт-дәстүр ұстанымдарына негізделген.

Қалалық «Жастар театры-ның» сахнасында өткен спектакль соңында қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожасев театр директоры Нұрмат Мансұрға Алғыс хат табыстап, ұжымға сәттілік тілеп, өз ризашылығын білдірді.

**Дина БОКЕБАЙ,
«Сыр бойы»**

Аурудан айығам десең, атқа мін

Бұрын «жылқының отаны қай мемлекет?» деген сауалға келгенде әлем ғалымдарының пікірі түрліше өрбитін. 1981 жылы сол кездегі Көкшетау облысының аумағынан табылған Ботай мәдени қорығынан шыққан жылқы сүйегі мен құмыра тәрізді қыш ыдыстар түбіне жағылған қалдықтар зерттеген Англия, Жапония, Германия, Ресей ғалымдары бұл жәдігерлерді энеолит дәуіріне жатқызған.



Біздің заманымызға дейінгі IV мыңжылдықта, осыдан 6 мың жыл бұрын қолға үйретілген жылқы сүйектері мен қымыздың жұғындысы екені дәлелденіп, қорымнан қазып алынған 15 тонна жылқы сүйегін зерттеген ғалымдар оның қазіргі қазақ жылқысының тегімен 99,9 пайызға дәл келетінін бағамдап еді. Осыдан кейін әлем ғалымдары жылқының отаны қазақ даласы деген тұжырымға тоқтайды. Ал белгілі грек ғалымы Сократ «Скифтер қашып бара жатып соғысқанда, қуып бара жатқаннан кем түспейді» деп атты жауынгерлердің пайда болуы скиф-сактардың енісіне екенін айтып кеткен. Қытайдың ертедегі жазба деректерінде атты жауынгерлері бар ғұндар мен сактардан қорқып, қыздарын соларға соғыс ашпауының кепілдігі үшін бергені жазылған. Ал орыстың Александр Вилькинс атты жаратылыстанушы ғалымы «Қазақ жылқысы арқылы орыстар, мына біздің де жылқыға қолымыз жетті» деп шындықты мойындаған.

Иә, ежелден ат үстінде өскен қазақ үшін атқа мінгіп серуендеу тансық емес. Бірақ жылқыны емдік мақсатта қолданатынын көпшілік біле бермейді. Айта кетсек, әлемдік медицинада жылқымен емдеу туралы тұжырымдама Гиппократ еңбектерінен бастап-ақ кездеседі. XVIII ғасырдың ортасында ғалым Дени Дидро «Атпен жүрудің денсаулықты сақтаудағы маңызы» атты трактатында атқа мінгіп жүрудің көптеген дертке дауа болатынын жазып кеткен еді.

Ал иппотерапияның денсаулыққа пайдасы XIX ғасырдың соңында ғана кеңінен зерттеле бастады. 1960 жылдарға

дейін Германия, Австрия, Швейцария секілді Еуропа мемлекеттерінде атқа міну қосымша физикалық ем ретінде ғана қолданылса, алғашқы стандартталған бағдарламасын 1980 жылдардың соңында канадалық және американдық терапевтер жасап шығарған. Германия да осы ілімді үйреніп, Солтүстік Америка қоғамына енгізеді. Нәтижесінде 1992 жылы АҚШ-та алғашқы иппотерапевтер қауымдастығы құрылды. Кейін бұл ем түрі өзге мемлекеттерге де таралды.

Қазақстанда 2000 жылдардан кейін ғана жылқы емдік мақсатта қолға алына бастады. Атпен жүрудің артықшылығы неде? Аталған спорт түрі денені шынықтырудың ең тиімді емдік тәсілі десең, артық емес. Иппотерапия арқылы адамның жүрек-қан айналымын жақсартып, жүйке жүйесі ауруларын емдеуге болады. Сондай-ақ ат үстінде жүру адамға эмоциялық жағынан да жағымды әсер етеді. Ғалымдардың айтуынша, аттың бірқалыпты жай жүрісінің өзінде оған мінген адамның денесінде 110 түрлі тербеліс туады екен, яғни, барлық буын қозғалысқа түседі деген сөз. Сол себепті атқа міну адамға биохимиялық тұрғыда оң ықпал етіп, ағзаны нығайта түседі. Жылқы бұлшықеттерінің қозғалысы массаж жасауға қабілетті көптеген элементтен тұрады және ағзаның одан әрі күшеюіне алып келеді. Өйткені жылқы температурасы адамның дене қызуынан бір жарым градусқа жоғары болады. Атқа отырған сәттен бастап тоқымға берілетін жылу қанның жылдамдығын арттырып, бойдағы тараған қан саусақтың ұшына дейін айналып шығады екен.

Иппотерапия, әсіресе, жұлынға зақым келгенде, миға қан құйылғанда, жабық бас сүйек-ми жаракатын алғанда, психологиялық мінез-құлық өзгеріске ұшырағанда, көңіл-күй төмендегенде, ұмытшақтық пайда болғанда, шорбуын және тірек-қимыл аппараты қызметі бұзылғанда, бір сөзбен айтқанда, адамның жүйке жүйесіне қатысты ауруларды емдеуге қолданылады. Тіпті есту қабілеті мен көздің көруі нашарлағанда да өз пайдасын тигізеді екен.

– Қазақ «ер қанаты – ат» деп бекер айтпайды. Жылқыға қызықпайтын қазақ баласы жоқ шығар?! Шаруашылыққа ат мінгіп, шауып үйренсем деген мақсатпен қызылордалық жастар мен орта жастағылар да жиі келеді. Тіпті, кейбір мектеп жасындағы жеткіншектер де үйреніп жатыр.

Жылқының пайдасы болмаса, зияны жоқ. Бел омыртқаға ем. Ат үстінде тақым қысып отыру, жиі атпен шауып тұру ер адамдардың бұлшық етін қатайтып, белсіздіктен қорғайды. Шаруашылықта аттың түрлері мен саны көп. Келген жұрт ақысын төлеп, қалағанына міне алады. Заманына қарай алады. Иппотерапияны насихаттап, қазақтың салтын ұмытпай, ұлықтау мақсатында әлеуметтік желіні пайдаланудамыз. Жарнаманың көзі сол болып тұр, – дейді Тасбөгеттегі шаруашылық иесі Шығысхан Серікбаев.

Қазақтың тағдыры жылқымен тікелей байланысты десең, жылқытанушы ғалым Ахмет Токтабай өзінің «Қазақ жылқысының тарихы» атты еңбегінде XIX ғасырдың аяғында Зайсан маңында өмір сүрген орыс-қазақтарының атаманы Рябушкин: «Бұл қазақ дейтін атқа мінесе, ешкімге бағынбайды. Қазақты өзімізге бағынышты ету үшін аттан айыру керек. Қазақ қалай аттан айырылады – бұдан бағынышты, бұдан момақан, бұдан сорлы халық жоқ» дегенін айтады.

Тарихтың қатпар-қатпар кезеңдері қазақ даласындағы жылқы санына әсер етпей қоймайды. Мәселен, КСРО атласы құжаттамасындағы статистика бойынша 1916 жылы 4,3 млн жылқы болса, 1940 жылдың басында 1 миллионға жетер-жетпес жылқы қалыпты. Бұл жылқының 30 пайызын екінші дүниежүзілік соғыс басталғандан кейінгі сүйретуге майданға аттандырды. Жылқытану ғылымының өз алдына енші алып, тарихи бағасын алар кезі жеткен секілді.

**Дина БОКЕБАЙ,
«Сыр бойы»**

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1033)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес
KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарияландыру газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.